

АИНА

КӘСІПКЕР
АРЫСТЫҚТАРҒА
ҚОЛДАУ КӨРСЕТТИ

2-бет

КҰН ТÁРТІБІ

ҚҰРЫЛЫС БАРЫСЫ-
ДЕПУТАТТАР
НАЗАРЫНДА

3-бет

ҚОҒАМ

ДҮНИЕЖҰЗИ
ТАРИХЫНЫҢ
БЕДЕРЛІ БЕЙНЕСІ

5-бет

ÁЛЕЎМЕТ

БИЫЛ БІЛІМ
ГРАНТТАРЫ
ҚАЛАЙ БӨЛІНЕДІ?

6-бет



ASTANA KҰNІ QUTTY BOLSYN!

Құрметті жезқазғандықтар және қала қонақтары! Сіздерді астанамыз Нұр-Сұлтан күнімен құттықтаймыз!

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан Елбасының көреген көшбасшылығымен әлемді таңқалдырған жетістіктерге жетті. Ол жетістіктердің ең негізгілерінің бірі әрине, біздің астанамыз – Нұр-Сұлтан қаласы.

Нұр-Сұлтан қаласының құрылысы – ел тарихындағы және Қазақстанның Тәуелсіздік жылнамасындағы жаңа кезең. Нұр-Сұлтан – Қазақстан Тәуелсіздігінің символы, басты жетістігіміз. Нұр-Сұлтан – жаңару мен Қазақстанның баянды болашағын жасау жолындағы тың идеялардың үлгісі.

Құрметті жерлестер!

Әрбір қазақстандық үшін Нұр-Сұлтан – жүрек түпкірінен орын алатын Отанның қымбат бөлігі. Бүгінде біз Тұңғыш Президентіміздің төл туындысы астанамызбен мақтанамыз. Шын жүректен Сіздерді астана күнімен құттықтаймыз! Осы мерекеде Сіздерге және жақындарыңызға мықты денсаулық, молшылық және Тәуелсіз Қазақстанымыздың гүлденуі жолындағы еңбектеріңізге табыс тілейміз!

Жезқазған қаласының әкімі Қ.БЕГІМОВ
Қалалық мәслихат хатшысы С.МЕДЕБАЕВ

КҮЙШІЛЕР ШЕРУІ

Ұлттық домбыра күніне арналды

Домбыра – қазақ халқының шешендігі мен көсемдігінің басты айғағындай болған қастерлі де киелі аспап. Бүкіл түркі дүниетанымынан бері дәуірлер көшін жалғастырған осынау қос ішекті, тоғыз пернелі ұлттық мұрамыз қазақ жұртының сан ғасырлық тарихына бірден-бір басты күегер. Ғалымдар сонау тас дәуірінде пайда болған деп болжам жасайтын домбыра аспабы күні бүгінге дейін құнын еш жоғалтқан жоқ, керісінше, қадір-қасиеті артып, ұлттық құндылықтарымыздың алтын төрінен орын алды.

Домбыраның қасиетін арттырып, жас ұрпақ санасына ұлтжандылық сезімін уялату мақсатында былтырдан бері «Ұлттық домбыра күні» аталып өтілуде. Биыл да сол дәстүрден жаңылмай

Жезқазған қаласында да «Ұлттық домбыра күні» мерекеленді. Көмейінен әсем сазды күй тегілген қазақтың қара домбырасына арналған басты шара күйшілер шеруі болды. Жезқазған музыкалық колледжінің бір топ домбырашы жастарынан құралған күйшілер тобы қала халқын домбырада түрлі күйлерді орындап, шаттыққа бөледі. Жезқазған тарихи-археологиялық музейінен басталған күйшілер шеруі «Astana», «Grand Stival», «ЦУМ» сауда кешендерінде жалғасын тауып, «Uly Dala» гипермаркетінде қорытыланды.

– Қазақтың серігі – домбыра. Домбырасыз қазақ – қазақ емес. «Ұлттық домбыра күні» биыл екінші рет тойлап жатырмыз. Осындай айтулы датадан біз де құр қалмауға тырысамыз. Тек домбырашылар үшін ғана емес, барша Қазақстан халқы үшін бұл күннің маңызы ерекше деп ойлаймын. Біздің оқу ордамызда 30-ға тарта жас домбырашы мамандығы бойынша білім алады. Оларға қасиетті қара домбыраның құдіретін ұғындыра отырып, осындай маңызды іс-шараларға қатыстырып, отансүйіштік сезімге тәрбиелеуден танған емеспіз, – дейді Жезқазған музыкалық колледжінің оқытушысы Нұрлан Хамзин.

Шараны ұйымдастырушы Жезқазған қаласының мәдениет және тілдерді дамыту



бөлімінің бас маманы Гүлнұр Төлеуова «Ұлттық домбыра күні» қала тұрғындары мен қонақтары ерекше таңданыспен және қуанышпен қарсы алғандығын және күйшілер шеруі жыл сайын дәстүрлі түрде қолға алынатындығын хабардар етті.

Ұлттық байлықтарымызды сақтап, жинақтап, тарих пен болашақты байланыстырушы мекен – Жезқазған тарихи-археологиялық музейі де Ұлттық домбыра күнінде қалыс қалмады. Жезқазған қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімімен бірге «Мәңгілік сарын» атты іс-шара өткізді. Шараның негізгі мақсаты – әрбір адамның бойына тарих пен тағлым тоғысқан домбыра аспабының қадір-қасиетін дәріптеу және тарихи-этнографиялық мағлұматтармен жете таныстыру. Іс-шараға «Ақ өжелер» ансамблі, домбыра шебері Сарбас Жүнісов, мәдениет және өнер саласының қызметкерлері мен мектеп

оқушылары, БАҚ өкілдері қатысты. Қатысушылар музейдің ғылыми қызметкері Алтынай Бірмұхановамен бірге музей қорындағы домбыра коллекцияларынан құралған көрмені, «Қазақтың домбырасы» атты бейнеоликті тамашалады. Оқушылар домбыра жайлы сұрақтарға жауап беріп, түрлі қызықты тапсырмалар орындады, шара одан әрі блиц-сұхбатпен жалғасты. Алматы қаласындағы Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының студенті Бексұлтан Барақбай «Ерке сылқым», «Балбырауын» күйлерін орындап жиналған көпшіліктің ыстық ықыласына бөленді. Шара соңында Жезқазған тарихи-археологиялық музейінің басшысы Раушан Қапарова құттықтау сөз сөйлеп, жас өрендерге арнайы сыйлықтарды табыс етті.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

Суретті түсірген Ғалия ӘБДИҒАППАРОВА

10 Қ.-Ж.ТОҚАЕВТЫҢ БАҒЫТЫ ПРЕЗИДЕНТТІҢ ЖОСПАРЫ

- \$
ХАЛЫҚТЫҢ ТАБЫСЫН АРТТЫРУ
- ✋
ЖАСТАРДЫҢ ДАМУЫНА ЖАҒДАЙ ЖАСАУ
- ✊
СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ ЖОЮ
- ⚖️
СОТ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ЖҮЙЕСІН РЕФОРМАЛАУ
- 📁
ЖАҢА ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ
- 🏠
БАСПАНА МӘСЕЛЕСІН ШЕШУ
- 🗳️
ӘДІЛЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТ
- 🚩
ӨНІРЛЕРДІҢ ПРОБЛЕМАЛАРЫН ШЕШУ
- 🌿
РУХАНИ ДАМУДЫ ҚОЛДАУ
- 🌐
КӨП БАҒЫТТЫ СЫРТҚЫ САЯСАТ

TOQAYEV TEAM

Оқырмандар назарына!

Жезқазған аймақтық «Saryarqa» газетіне 2019 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу жалғасатынын хабарлаймыз.

Газетке жазылу құны Жеке тұлғалар үшін:

– Редакциядан келіп алушыларға – 1500 теңге;

– Мекенжайға жеткізіп беру – 2000 теңге;

Мекеме, кәсіпорындар үшін:

– Редакциядан келіп алушыларға – 3000 теңге;

– Мекенжайға жеткізіп беру – 3500 теңге.

Газетке жазылу шарттары туралы қосымша мәліметті

8(7102) 77 50 25, 71 07 01, 71 00 55

телефондары арқылы біле аласыздар.



SARYARQA-AQPAPAT

ҚР ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ – ЕЛБАСЫ РЕСМИ ИНТЕРНЕТ-РЕСУРСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың ресми интернет-ресурсы іске қосылды.



Бұл туралы ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасының баспасөз хатшысы Айдос Үкібаев Twitter-аккаунтына жазды.

«Достар, Тұңғыш Президенттің ресми интернет-ресурсы http://Elbasy.kz іске қосылды. Егер сіздер өз пікірлеріңізді және ұсыныстарыңызды жаңа сайтта жариялап отырсаңыздар дән риза болар едік», – деп жазды Айдос Үкібаев.

ПРЕЗИДЕНТ ҚОСТАНАЙДАҒЫ ҚАЗАҚ МЕКТЕБІНІҢ ЖАҒДАЙЫНА АЛАҢДАУШЫЛЫҚ БІЛДІРДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қостанайдағы қазақ тілінде білім беретін мектептің күрделі жағдайға байланысты алаңдаушылық білдірді.

«Жергілікті тұрғындардың пікіріне қарағанда, Қостанайдағы қазақ тілінде білім беретін мектепке қатысты күрделі жағдай қалыптасып отыр. Білім министрі және облыс әкімі барлық мәселені жаңа оқу жылына дейін шешуі тиіс», – деп жазды Президент Twitter-дегі парақшасында.

МЕМЛЕКЕТ АЗАМАТТАРДЫҢ НЕСИЕСІН ҚАНДАЙ ҚАРЖЫ ЕСЕБІНЕН ЖАБАДЫ?

Үкімет отырысында ҚР премьер-министрінің бірінші орыбасары – қаржы министрі Әлихан Смайылов президент тапсырған азаматтардың борыш жүктемесін азайту қандай қаржы есебінен жүзеге асырылатынын айтты.

– Қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыру және әлеуметтік мәселелерді шешу бойынша мемлекет басшысының тапсырмаларын, сондай-ақ, 26 маусымдағы Қазақстан азаматтарының борыш жүктемесін азайту шаралары туралы жарлығын іске асыру үшін 2019 жылға арналған республикалық бюджетті нақтылау жобасы әзірленді. Онда биылғы жылдың сәуір айында түзілген 2019 жылға арналған елдің әлеуметтік-экономикалық даму болжамын сақтай отырып өзгерту ұсынылады. Бірақ 2019 жылға арналған бюджеттің негізгі параметрлері өзгеріссіз қалады, – дейді Әлихан Смайылов.

Оның айтуынша, түсімдер 10 трлн 569 млрд теңге, шығыстар 11 трлн 933 млрд теңге, тапшылық 1 трлн 365 млрд теңге көлемінде болады.

– Президент тапсырмаларын қаржылық қамтамасыз ету тікелей инвестициялар қорын қорғау көзделген қаражаттың бір бөлігін қайта бөлу есебінен іске асырылатын болады, – дейді вице-премьер.

Ол сонымен қатар, Үкімет резервін 72,9 млрд теңгеге ұлғайтуды ұсынды. Себебі, Арысты қайта қалпына келтіру үшін қаржы керек.

– Жоба мемлекеттік резервті 72,9 млрд теңгеге ұлғайтуды ұсынады. Осы қаражаттың бір бөлігі Арыс қаласындағы төтенше жағдайлардың салдарын жоюға бағытталған болады, – деді Смайылов.

ӨМІРЛІК ҚИЫН ЖАҒДАЙДА ҚАЛҒАН ЕЛ АЗАМАТТАРЫНЫҢ ТІЗІМІ ЖАСАЛАДЫ

ҚР Ұлттық банкі кепілсіз тұтынушылық қарыздар бойынша 300 мың теңгеден аспайтын сомада өмірлік қиын жағдайда қалған азаматтардың берешегін өтеу тетігін әзірледі. Бұл туралы Үкімет отырысында Ұлттық банк төрағасы Ерболат Досаев айтты.

– ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Қазақстан Республикасы азаматтарының борыш жүктемесін азайту шаралары туралы» Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Ұлттық банкі Үкіметпен, банктермен және микроқаржы ұйымдарымен бірлесіп, 2019 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша кепілсіз тұтынушылық қарыздар бойынша 300 мың теңгеден аспайтын сомада өмірлік қиын жағдайда қалған азаматтардың берешегін өтеу тетігін әзірледі, – деді ол.

Оның атап өтуінше, бұл тетік Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің өмірлік қиын жағдайда қалған Қазақстан Республикасы азаматтарының тізімін жасауын көздейді. Одан кейін аталған тізім бойынша берешек мемлекеттік кредиттік бюромға, екінші деңгейдегі банктермен және микроқаржы ұйымдарымен салыстырылып, тексеріледі.

– Содан соң банктерге және микроқаржы ұйымдарына ақша аударылады. Бұл тетікті екі ай ішінде аяқтау жоспарланып отыр. Бұдан әрі, Еңбек министрлігі тізімді нақтылаған жағдайда, Қаржы министрлігі мен Еңбек министрлігі ұйымдастырушылық және қаржылық сипаттағы тиісті шаралар қабылдауы қажет болады, – деді Е.Досаев.

КӘСІПКЕР АРЫСТЫҚТАРҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТТІ

Түркістан облысы Арыс қаласындағы қайғылы жағдай қазақстандықтарды бейжай қалдырмады. Елдің әр түпкірінде арыстықтарға қолдау шаралары қолға алынады.

Қарағандылықтар да бұл игі істен шет қалмай, арнайы ашылған есеп-шотқа қаржы аударып, қиын жағдайда қалған арыстықтарға гуманитарлық көмек жөнелтуде. Бұл қайырымдылықтың басында аймақ кәсіпкерлерінің жүргені куантанды.

Жақында қарағандылық кәсіпкер Ерлан Нығматулин апаттан зардап шеккен Арыс қаласының тұрғындарын қолдау қорына 5 миллион теңге қаражат аударды. Сонымен бірге, кәсіпкер акционері болып табылатын «Сарыарқа Нан», «Балқаш Нан», «Қазкарбон», «YDD Sorpogation» кәсіпорындарының ұжымдары да бір күндік жалақыларын зардап шеккендерді қолдау қорына бағыттады.

«АЛТЫН ТОБЫЛҒЫ» ӘДЕБИ БАЙҚАУЫНА ӨТІНІМ ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛДЫ

ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасының Қоры 2019 жылғы 1 шілдеден бастап дәстүрлі «Алтын Тобылғы» әдеби байқауына өтінімдер қабылдауды бастайды. Сыйақының жалпы қоры – 5,5 миллион теңге.

«Осымен бесінші рет өткізілгені тұрған байқау Жастар жылына арналады. Шығармалар «Үздік проза», «Үздік поэзия», «Үздік драматургия», «Үздік балаларға арналған шығарма» номинациялары бойынша қабылданады. Әр жеңімпазға 1 миллион теңге көлемінде сыйақы тағайындалады. Жастар жылына арналған арнайы номинация «Ұлыдаланың жасампаз ұрпағы» тақырыбында жазылған «Ең үздік шығарма» деп аталады. Сыйақы көлемі 1,5 миллион теңгені құрайды. Байқауға еліміздің 18-35 жас аралығындағы жас дарындар қатыса алады және бұдан бұрын еш жерде жарияланбаған туындылар at2019@fpp.kz сілтемесі бойынша қабылданады», – деп атап өтілген ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы қорының мәліметінде.

Шығармаларды еліміздің танымал мәдениет қайраткерлері, ақын-жазушылар мен журналистерден құралған Қазылар алқасы сараптайды. Байқауға ұсынылған жұмыстар жанрға сәйкестік, ойлау дербестігі, авторлық ұстаным, баяндау реттілігі мен мағыналылығы, идея ерекшелігі, әдеби-көркем құндылығы, көркемдік қиял мен шығармашылық көзқарас, эстетикалық әсер тереңдігі сияқты өлшемдер бойынша бағаланады. Байқауға ұсынылған туындыларды бағалау әділдігі барынша жетілдірілген. Шығарма лақап атпен қабылданып, сараптау кезінде қазылар алқасы шығарма авторларының есімдерін алдын ала білмейді.

Өтінімдер 2019 жылғы 1 шілде мен 1 қараша аралығында қабылданады. Жеңімпаздар есімі (сыйлық лауреаттары) 2019 ж. желтоқсан айының алғашқы онкүндігінде жарияланады. Толық ақпаратпен www.fpp.kz сайтынан танысуға болады.

ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасының Қоры «Алтын Тобылғы» әдеби байқауын талантты жас авторларды анықтау және қолдау мақсатымен 2015 жылы тағайындады. Байқау әріптесі – Мемлекеттік тілді дамыту қоры.

«Алтын тобылғы» әдебиет жүлдесіне байқау өткізу ережесі:

1. Жалпы ережелер
1. Осы Ереже ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасының Қоры тағайындаған «Алтын тобылғы» әдебиет жүлдесін (бұдан әрі – Жүлде) беру тәртібін белгілейді.
2. Жүлденің мақсаты – қазіргі заманғы Қазақстанның көркем әдебиетін дамыту, қолдау көрсету және насихаттау.
3. Жүлденің міндеттері:
 - 1) жаңа ұрпақтың қазіргі заманғы көркем әдебиеттегі өмірлік философиялық қағидаттарын бейнелейтін жас қазақстандық қаламгерлерді анықтау және көтермелеу;
 - 2) тың әдеби үрдістердің қалыптасуына қолдау көрсету;
 - 3) қазіргі заманғы әдебиеттегі жаңа есімдерді көпшілік қауымға таныстыру.
 4. Жүлденің құрылтайшысы мен ұйымдастырушысы – ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасының Қоры (бұдан әрі – Жүлде құрылтайшысы).
- Жүлдені тағайындау бойынша конкурс өткізудің серіктестері: Қазақстан Жазушылар одағы және Мемлекеттік тілді дамыту қоры.
5. Жүлде конкурс негізінде төмендегі номинациялар бойынша тағайындалады:
 - 1) «Жылдың үздік прозасы»;
 - 2) «Жылдың үздік поэзиясы»;
 - 3) «Жылдың үздік драматургиясы»;
 - 4) «Жылдың балаларға арналған үздік шығармасы»;
 - 5) Жастар жылына арналған «Ұлы даланың жасампаз ұрпағы» тақырыптық үздік әдеби туынды.
 6. Әрбір номинация жеңімпазына «Алтын тобылғы» әдебиет жүлдесінің лауреаты атағы және 1 миллион теңге көлемінде сыйақы беріледі. 1,5 миллион теңге көлеміндегі арнайы сыйақы «Ұлы даланың жасампаз ұрпағы»



тақырыбына арналған үздік әдеби туынды номинациясы жеңімпазына беріледі.

2. Өткізу тәртібі
Конкурс басталғаны туралы хабарландыру Н.Назарбаев Қорының сайтында www.fpp.kz және бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады. Шығармалар 2019 жылғы 1 шілдеден 1 қараша дейінгі аралықта қабылданады. Конкурсстың қорытындысы 2019 жылғы желтоқсанның бірінші онкүндігінде жарияланады.

3. Жүлдеге әдеби туындыларды ұсыну тәртібі
1. Конкурсқа 18-35 жас аралығындағы жас қаламгерлердің қазақ және орыс тіліндегі шығармалары қабылданады.

2. Бір автор тек екі номинацияға қатысуға құқылы.
3. Авторлық жұмыстарға қойылатын талаптар:
 - 1) Конкурсқа бір автордың бұрын еш жерде жарияланбаған екі шығармасы ғана қабылданады;
 - 2) конкурсқа бейномрмалық қолданыстағы сөздер кездесетін, этикалық нормалар мен авторлық құқықтары бұзылған шығармалар қабылданады;
 - 3) шығарма А-4 форматында, мәтіні 14 көлеміндегі Times New Roman қарпімен 1,5 аралықта терілуі керек. Мәтінің көлеміне қойылатын шектеу: проза үшін – 35 беттен кем емес; поэзия үшін – 5 беттен кем емес; драмалық шығарма үшін – 30 беттен көп емес; балалар әдебиеті үшін – 25 беттен көп емес; «Ұлы даланың жасампаз ұрпағы» тақырыбына арналған түрлі жанрдағы әдеби шығарма (проза - 35 беттен кем емес; поэма - 5 беттен кем емес; драма - 30 беттен көп емес; балалар шығармасы – 25 беттен кем емес).
 - 4) Конкурсқа жіберілетін өтім «Алтын тобылғы» деген белгі қойылғы бір конвертпен мынадай тәртіппен жіберілуі керек:
 - 1) Конвертке бөлек салынатындар: 1) автордың аты-жөні көрсетілмей бір данада басып шығарылған шығарма, 2) автордың өзі туралы мәліметтер осы конверттің ішінде жеке конвертке болуы тиіс: аты, тегі, әкесінің аты, туған жылы, тұрғылықты мекенжайы, байланыс телефондары, e-mail.
 - 3) Өтінімдер поштамен Нұр-Сұлтан қаласы, Ә.Бөкейхан көшесі, 1 үй, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасының Қоры мекенжайына және at2018@fpp.kz электрондық пошта бойынша жіберілуі тиіс.
 5. Конкурсқа қатысуға өтінім бере отырып,

автор: 1) өзінің авторлығын растайды; 2) Жүлденің ұйымдастырушыларына шығармаларды бұқаралық ақпарат құралдарында, Ұйымдастырушының ұйғарымы бойынша жинақтарда және галамторда жариялауға рұқсат береді; 3) авторлық награданы талап етпейді.

6. Қабылданған шығармалар рецензияланбайды және қайтарылмайды.

7. Жұмыстарды конкурсқа жіберуге және салтанатты марапаттау рәсіміне қатысуға байланысты шығындарды қатысушылар өздері өтейді.

4. Жеңімпаздарды анықтау тәртібі
1. Қолжазбаларды бағалау және жүлде жеңімпаздарын (лауреаттарын) анықтауды конкурстың құрылтайшысы елімізге танымал ақын-жазушылардан баспа өкілдерінен сондай-ақ, байқау құрылтайшылары мен серіктестері өкілдерінен жасақтанған (7 адамнан кем емес) қазылар алқасы жүзеге асырады.

2. Қазылар алқасының құрамы мен төрағасын конкурстың құрылтайшысы бекітеді.

3. Қазылар алқасының Жүлденің талаптарына сәйкес келмейтін шығармаларды қарамауға (сонымен қатар анонимді шығармаларды) құқы бар.

4. Конкурсқа ұсынылған шығармалар қазылар алқасы мүшелеріне анонимді түрде жіберіледі (автордың есімі аталмайды).

5. Қорытынды шешім қазылар алқасының жалпы санынан кемінде 2/3 қворумы болған жағдайда ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

6. Конкурсқа ұсынған туындыларды әділ бағалау үшін барлық жұмыстар анонимді түрде қаралады. Конкурсқа ұсынған жұмыстарды бағалау кезінде шығарманың өзектілігі мен автордың ойлау дербестігі, ұстанымы, баяндау реттілігі мен мағыналылығы, идея ерекшелігі, әдеби-көркем құндылығы, эстетикалық әсер тереңдігі басшылыққа алынады.

7. Қорытынды шешім қабылданғанға дейін анонимділік сақталады.

8. Қазылар алқасының шешімі ақырғы болып табылады және қайта қаралмайды.

9. Конкурсқа лайықты шығармалар түспеген жағдайда, Қазылар алқасы Ұйымдастырушыларға сол номинация бойынша жүлдені толығымен бермеуге немесе жартылай беру туралы ұсыныс жасауға құқылы.

«ЖАҢА КӘСІПТЕР АТЛАСЫ» – ТАЛАПКЕРЛЕРГЕ НҰСҚАУЛЫҚ

Жақында ERG мен BTS Digital компаниялары «Жаңа кәсіптер атласы» деп аталатын жаңа мамандықтарды анықтауға негізделген жобаны қолға алды. Бұл карта негізінде талапкерлер келешекте елімізде сұранысқа ие болатын мамандықтарды анықтап, ақпарат ала алады. Осы орайда BTS Digital компаниясы оқыту орталығының жетекшісі Саясат НҰРБАЕКПЕН аталған жоба туралы болған сұхбатын назарларыңызға ұсынамыз.

– «Жаңа кәсіптер атласының» мақсаты не? Оны кімдер дайындады?
– Еліміздегі еңбек нарығы мен білім беру жүйесінің арасында біраз үйлеспеушілік бар. Кезінде Кеңес өкіметіндегі жоспарлау комитеті зерттеулер жүргізіп, нәтижесінде 5-10 жылдық жоспар дайындайтын. Сол карта негізінде Еңбек министрлігі «Еңбек резерві» деген бағдарлама жасайтын. Ол келешекте қандай зауыт, фабрика ашылып, оған қанша маман қажет болатынын көрсететін үлкен карта еді. Осы есепке негізделіп Білім министрлігі тапсырыс жасалатын болған. Яғни, бүгінгі біздің жүйедегі білім гранттары. 90-жылдары еліміз нарық экономикасына көшті. Ендігі кезекте кадрлар қажеттілігін нарық белгілейтін болды. Тапсырысты кәсіпорындар береді. Дегенмен, 30 жылда мемлекеттік тапсырыс жүйесі өзгеріссіз қалды. Үйлеспеушіліктің негізгі себебі – осы. Сондықтан жыл сайын жүздеген заңгерлер мен ондаған экономистер еңбек нарығында жұмыссыз қалады. Тағы бір мәселе – оқу орындары нарық сұранысына тез арада жауап бере алмайды. ЖОО-да жаңа мамандық ашу үшін бірнеше жылдар кетеді. Бүгінгі білім жүйесі өкімшілік моделмен ұйымдастырылады, бұл – дамуды тейлейтін үлкен мәселе.

Ал «Жаңа кәсіптер атласының» мақсаты – қарапайым халыққа көмектесу. Бұл ой 2012 жылы басталған «Болашақ» қауымдастығында 7 жыл қабылдау комиссиясының қатарында болғанында талапкерлердің 70-80 пайызы болашақтарына сенімсіз еді. Мамандық таңдап, шешім қабылдайтын жеткілікті ақпарат жоқ. «Жаңа кәсіптер атласына» кіріспес бұрын барлық әдістемелерді қарап, сараладық. Англияның Еңбек министрлігі мен Оксфорд университетінің бірлесіп, 700-ге жуық мамандықты елдің әр ауданы бойынша зерттеген бағдарламасы бар. Нәтижесінде, келешекте қандай мамандықтың сұранысқа ие болып, керісінше қайсысы еңбек нарығында қажет болмайтынын анықтауға мүмкіндік береді. Мұндай бағдарламалар Канадада, Сингапурда де бар. Дегенмен олардың үлгісі бізге көме бермейді. Оған себеп – бағдарламалар жетілдірілген экономикалық жүйеге арналған. Біздің экономика құрылымы дара.

Мәскеуден бұл әдістемені оқып, зерттеу жүргізуге сертификат алып келдім. Тобымызда 12 әдіскер бар. Олар да арнайы дайындықтан өткен. Барлығымыз BTS Digital компаниясында жұмыс істейміз. Сонымен бірге Ресейден арнайы шақырылған 5 маман бар. Өйткені біздің де тәжірибеміз жоқ. Сондықтан олар алғашқы жобаның басы-қасында. Бұдан кейінгі карталарды өзіміз жасамақпыз.
– «Жаңа кәсіптер атласының» ерекшелігі неде?
– Үлгі ретінде 2014 жылы Ресейде жасалған әдістемені алдық. Ал ол 2008 жылы Халықаралық еңбек ұйымы ұсынған Skills technology foresight әдістемесі бойынша жасалған. Карта мамандықтарды үш топқа бөліп, олардың алдағы уақытта сұранысқа ие боларын, не мүлде қажетсіз болып қалатынын анықтаған. Ең қызығы – үшінші топтағы сұранысқа енген жаңа мамандықтар елімізде тіпті оқытылмайды. Бұл қазіргі таңда оқу мерзімінің қысқарғанын көрсетеді. Оған еңбек нарығының өзгеруі себеп.

«Жаңа кәсіптер атласы» аясында еліміздегі тоғыз негізгі сала зерттелді. Олар: ауылшаруашылық, тау-кен, мұнай-газ, құрылыс, қаржы, коммуникация және ақпараттық бағдарламалар, мемлекеттік басқару, білім, машина

жасау. Осылайша, талапкерлерге, олардың отбасына еңбек нарығындағы тенденциялар туралы толық ақпарат бере аламыз. Ресей атласының бір кемшілігін байқадық. Олар 50 жылдық жоспарды Мәскеуге негіздеп жасап, өңірлік сұранысты ескермеген. Біз керісінше төменнен бастамақпыз. Әр облысты бөлек қарастырып, 10-15 жылмен шектелдік. Алғашқы жобаны ERG компаниясының тапсырысымен тау-кен саласынан бастадық. Хромтау қаласындағы Дөң тау-кен байыту компаниясы негізінде жасаймыз. 80 жылдық тарихы бар комбинатта 7000 адам жұмыс істейді.

Тоғыз саланы және 17 өңірді жеке қарастырып әр саланың сұранысы есепке алынған нақты жоспар пайда болады. Алғашқы жобаның өзінде 18 сұраныстан шыққан, 14 өзгеріске ұшыраған, 13 жаңа мамандықты анықтай алдық. Атласың тағы бір мүмкіндігі оқу орындарының басшыларын зерттеуе шақырып, оларға да еңбек нарығындағы өзгерістерді көрсете аламыз. Осы негізде Дөң тау-кен байыту жанындағы Хромтау тау-кен техникалық колледжінің басшыларын шақырып, көрсеттік. Яғни, олар алдағы 5 жылда еңбек нарығындағы күтілетін өзгерістер туралы хабардар. Бүгіннен бастап қажетті шараларды қолға алады. Бұл жоғары оқу орындарына нақты жоспар жасауға мүмкіндік береді. Біздің тағы бір үмітіміз – сол саладағы адамдардың ортақ қауымдастық құруы. Ұжымдық энергияның күші мықты. Бір саладағы адамдарда ортақ бейне болуы керек, оны ортақ мүддеге бағыттау керек. Бұл демократиялық принципке негізделген, өйткені осы саладағы әрбір маманның пікірі есепке алынады. Ортақ идея болса, оған қауым сенсе, ол міндетті түрде іске асады. Қоғамның әрбір мүшесі соны қабылдап, әрқайсысы соған қатысты әрекет жасаса, ол үлкен ықтималмен орындалады.

– Жаңа мамандықтар елімізде оқытылмайды дегіңіз, кей кезде оларды арнайы курстарға оқып, үйренсе де болады. Бұл келешекте дипломның қажет еместігін көрсетпей ме?
– Бүгінде диплом құнсызданып жатыр. Google сияқты үлкен компаниялардан бастап дипломаға емес, адамның қабілетіне қарайды. Жұмыс берушіге адамның дағдысы, қабілеті маңызды. Қазіргі таңда ЖОО-лар трансформациядан өтіп жатыр. Олар не оқу бағдарламасын қысқартуы керек, не қажетті дағдыларды оқытуы керек. Қазіргі еңбек нарығында білім емес, қабілет маңызды.

– Сұраныстан шыққан мамандық шелері енді қайда барады? Оларға қандай көмек бересіз?
– Сұраныстан шығып қалған мамандық иелері уақыт жоғалтпай, жаңа ілім іздеуі керек. Элвин Тоффлер деген атақты әлеуметтанушы «XXI ғасырдың наданы жазып, оқи алмаған адам емес, өз білгенін ұмытып, жаңаны үйрене алмаған адам» дейді.

– Ал ауыл-аймақтағы білім ырантарына тәуелді талапкерлер не істейді?
– Мамандықты грантқа байланысты таңдап түсуге болады, бірақ ол келешекте қажет пе, соны ойлану қажет.

– Сіздің ойыңызша, үнемі сұраныста болатын мамандық?
– Ешқашан сұраныстан шықпайтын мамандық – ұстаз. Адам баласы ешқашан өз қатерлерін сабақ алмайды, үнемі оқытатын адам қажет.

– Кей азаматтар мамандық ауыстырудан сескенеді. Өзіңіз де қазір басқа саладасыз. Ондай азаматтарға қандай кеңес бересіз?
–



– Әлем тез әрі түбегейлі өзгеріп жатыр. Тез өзгергені сонша, адамдар оған дайын емес. Болашақта не боларын нақты ешімі айттып бермейді.

Саланы өзгерту де ешқашан кеш емес. Мен 36 жасымда мүлде басқа салаға ауысып кеттім. Мамандық ауыстырамын дейтіндерге көп үйренуге дайын болу керек дер едім. Осы ретте Элвин Тоффлердің принципі көмектеседі. Үйрену керек, бірақ білгеніңді де ұмыта алу маңызды. Адам қалыптасқан түсінігі мен ұстанымдарын ұмыта алуы керек. Ең қиыны да – осы. Одан кейін білгеніңді қайта үйрену керек. Үнемі ізденісте болса, тіпті жақсы. Бірақ ең бастысы, қорықпай, қалыптасқан зонддан шығу керек. Адам бір орында тұрып қалса, дамивмайды.

– Елімізде қай салада маман тапшылығы бар?
– Бізде ауылшаруашылық саласы дамып келеді. Бұл – үнемі сұраныста болатын қажет сала.

Сондықтан агрономнан басқа мамандарды көбейту керек. Одан кейін ұстаздар аз. Нұр-Сұлтаннің өзінде 800 мұғалім жетпейді. Үшінші – биотехнология мен медицина қатты дамып жатыр, осы салада үлкен серпіліс болады. Тасымалдау, логистика, жасанды интеллект, көлемді ақпараттар саласы да қарқынды дамуда. Осы саланы игеретін мамандар қажет. Ал елімізде шикізат өндірісі болғаннан кейін энергетика саласының мамандарына тапшылық байқалады.

– Талапкерлерге қандай кеңес бересіз?
– Өркімнің өз ерекшелігі бар. Соны неғұрлым ерте тәпса, соғұрлым жақсы. Ол қарапайым болуға да мүмкін. Екіншісі – уақытты сол ерекшелікті дамытуға жұмсау керек. Оған қоса, ата-аналар мен балалардың арасында байланыс болуы керек. Өйткені ата-ана баласының барлық сабақтан жақсы болғанын талайды. Ал кей кезде бала бір салаға негізделіп, оны дамытса, жақсы нәтиже көрсетеді. Шәкірттерді кез келген жағдайда, кез келген уақытта өмірдің соққысына дайын болатындай тәрбиелеу керек. Бүгінде зейін адамға қажет қасиетке айналды. Өйткені бүгінгің адамды бұл қасиетті жоғалтып алған. Қаншама ақылды адамдар осы зейіннің жетіспеуінен көп нәрседен қалып қалды.

– Әңгімеңізге рақмет.
Әңгімелескен Светлана ГАЛЫМЖАНҚЫЗЫ.
«Egemen Qazaqstan»

ӘКІМДІКТЕ

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Қарағанды облыстық қоғамдық кеңесі төрағасының орынбасары Серік Төрегелдин Жезқазған қаласына келген арнайы сапарында Жезқазған қаласының басшылығы, қоғамдық кеңес мүшелерінің қатысуымен жиын өткізді.

Жиын күнтізбесіне бүгінде шешімін таппай отырған өзекті үш мәселе талқыға салынды. Олар: құрылысы туралы қалған 320 орындық балабақша мен теміржол вокзалы бағытындағы қазір апатты жағдайда тұрған көпір мәселесі, сондай-ақ Есқұла су тартқышы құрылысын аяқтау.

Алғашқы екі мәселе бойынша қала әкімінің орынбасары Нұржан Орынбаев баяндама жасады.

— Бүгінгі таңда Қазақстан жол ғылыми-зерттеу институтының шешімімен Жезқазған қаласындағы 5 жол өткелінің барлығы апатты деп танылған. Оларды жөндеу жұмысы кейінге қалдырылмауы керек. Арнайы құрылған қалалық комиссияның шешімімен төтенше жағдайды болдырмау үшін аталған өтпелерде айналма жол қарастырылған. Теміржол және Сарыарқа көшелерінің арасын байланыстыратын №4 жол өткелінде жүк көліктердің қатынауына тиым салынған. №1,2 жол өткелінде де көлік қозғалысына шектеу қойылған. 2017 жылы №3 және 5 жол өткелдерін қайта жөндеу үшін қаржы қарастырылып, «ЖезСвязьСтрой» мердігер компаниясы анықталған болатын.

Қазіргі таңда №4 жол өткеліне қатысты мәселе туындап отыр. Оны қайта жөндеу үшін әзірленген жобалық-сметалық құжаттардың мерзімі осы жылдың тамызында аяқталмақ. Бірнеше мәрте облыстық қазынаға өлнім

жолдағандықтан қаржы тапшылығына байланысты қолдау таппаған. Мәселе облыстық деңгейде қаралып, оң шешімін тапқан.

Облыстық мәслихат депутаттары мен облыстық қоғамдық кеңес мүшелерінің ұсынысы бойынша шілде айында қаржы қарастырылып, жобалық-сметалық құжаттарға өзгеріс енгізу жоспарланған. Оның нәтижесінде №4 жол өткелін жөндеуге 2020 жылы облыстық қазынадан қажетті қаржы бөлінеді. Ал №1,2 жол өткелдерінің жобалық-сметалық құжаттары жобамен тамыз айында мемлекеттік сараптаманың рұқсатын алмақ. Енді бұл көпірлердің жағдайы облыс деңгейінде бақылауда болатынын ескерткен Серік Мөкенұлы жаңа балабақшаның жағдайына алғашқы бақылау жүргізді.

2013 жылдан бері құрылысы созбаққа салынған балабақшаға облыстық құрылыс басқармасы жауапты. Бүгінде жүктелген міндеттерді тиісінше орындамаған мердігер «Тавис» ЖШС-мен келісім-шарт бұзылған. Қазіргі таңда нұсанды мердігерден тапсырыс беруші басқарма балансына беру рәсімдері жүрде. Ол толық аяқталған соң балабақша құрылысын бір жақты ету жөнінде шаралар қолға алынады. Дегенмен, аталған балабақша қолданысқа берілгеннен өзінде балабақша кезегіндегілердің қатары азаймайды. Осы ретте қала тұрғыны Шәмшібек Ықыласов жаңа ғимарат тұрғызынша қала ішінде тұрған

бос нысандарды кәсіпкерлерден сатып алып, балабақша етуді сұрады. Мысал ретінде 9-орамда қаңырап тұрған бұрынғы балабақша ғимаратын меңзеді. Облыстық қоғамдық кеңесі төрағасының орынбасары ұсыныс орынды екенін алға тартып, қала басшылығына назарға алуды тапсырды.

Сәтбаев пен Жезқазған қаласы тұрғындарын жерасты суымен қамтамасыз ету мақсатында 2010 жылы қолға алынған Есқұла су тартқышы құрылысында да іркілік бар. Оған маңызды жобаны өміршең етуге жауапты мердігердің ауысуы мен қаражатын тапшылығы қолбайлау. Қазір жобаны аяқтауға тырысып жатқан жергілікті кәсіпкер Николай Распопов барлығы үш кезеңнен тұратын жобаның бүгінгі таңда тек бірінші кезеңі аяқталғанын жеткізді. Әлі де жаңа сорғыш стансасы мен фторатор, хлоратор мен резервуарлардың құрылысын жүргізу, сондай-ақ, сорғыш стансасынан Жезқазғанға дейін су құбырын салу қажет. Осы жұмыстарға қосымша қаржы бөлуді сұраған кәсіпкер қандай да шаруаны жүзеге асыру үшін өткізілетін конкурста жергілікті компанияларға басымдық беру қажеттігін айтты. Өйткені, өзге қалалардан келген мердігерлердің жұмысқа атүсті қарайтынын тәжірибе көрсеткен. Қаржы қарастырылған жағдайда жоба 2020 жылы аяқталады деп жоспарланған. Құрылыс қомақты қаржы талап ететін Есқұла су тартқышы мысты өлкені сумен қамтамасыз етуге қауқарсыз деген пікірді ұстанған ақсақалдар басымдықты Айдос-Ұйтас жерасты суларына басымдық беру қажеттігін айтты.



Зерттеу жұмыстарын жүргіздік деген белсенді топ гидрогеологтың да сараптамасы барын да алға тартты. Осы ретте Серік Төрегелдин жеке кәсіпкерге ақсақалдармен кездесіп, негіз бар ұсыныстары болса құлақ асуға шақырды.

Күнтізбесіне шығарылған мәселелер жан-жақты талқыланған соң, облыстық қоғамдық кеңес мүшелері жезқазғандықтарды толған-

дырған мәселелерді тыңдады. «Байқоңыр ғарыш айлағы қоршаған ортаға, оның ішінде Жезқазғанға тигізіп жатқан зардабы мол» деп дабыл қаққан тұрғындардың бұл сауалы облыстық қоғамдық кеңестің отырысында қаралатын болды.

Диана ОРАЗАЛИНА

ҚАСИЕТТІ ҚАЗАҚСТАН

КИЕЛІ ЖЕРЛЕРГЕ ТӘУ ЕТТІ

Биыл гуманитарлық ғылымдар арасындағы «Ұлы дала» форумы төртінші рет астанамыз Нұр-Сұлтан қаласында өтті. Форумға қатысушы құрметті қонақтардың қатарында саясаткер, Моңғолияның тұңғыш президенті Пунсалмаагийн Очирбат та бар.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың жеке қабылдауында болып, президент сайлауындағы жеңісімен құттықтаған Пунсалмаагийн Очирбаттың келесі аялдамасы қасиетті Ұлытау-Жезқазған аймағы болды. Алтын Орданың 750 жылдығы аясында түбі бір, тарихи ортақ халықтардың мәдениетін тереңнен танып-білу мақсатында Моңғолия делегациясы және отбасымен келген Пунсалмаагийн Очирбатты жезқазғандықтар да құшақ жая қарсы алды. Қала әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова бастаған топ Жезқазған ауежайынан салтанатты түрде күтіп алынған қонақтар қаламыздың көрікті жерлерін аралап, тарихи-археологиялық музей мен Қ. Сәтбаев атындағы тарихи-ән-



дірістік музейде болды. Әрі қарай Ұлытау маңындағы киелі мекендерге жол тартты. Жошы хаң Алаша хаң, Домбауыл кесенелеріне арнайы барған Пунсалмаагийн Очирбат екі елдің тыныштығы мен бірлігінің мәңгі болуы үшін көкке қол жайып тілек тіледі.

— Пунсалмаагийн Очирбат үлкен қонақжайлылықпен қарсы алған жергілікті басшыларға және барша


Жезқазған халқына шын жүректен алғысын білдірді. Қайталанбас тарихтан сыр шертетін кесенелер мен ескерткіштерді көзінің қарашығындай күтіп, сақтап отырған қазақ халқына дән ришалығын білдірген ол бізді де Ұлан-Батыр қаласына қонаққа шақырды, — дейді саяхат барысында моңғолиялық қонақтармен бірге жүрген ақын Ізгелуе Түсіп.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

ҚАЛА ШАРУАШЫЛЫҒЫ

ҚҰРЫЛЫС БАРЫСЫ – ДЕПУТАТТАР НАЗАРЫНДА

Қаламызға Қарағанды облыстық мәслихатының хатшысы Серік Өтешов бастаған бір топ депутаттар келіп, құрылыс және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы мәселелерімен танысты.



Жаңадан салынып жатқан 900 орынға шақталған мектеп құрылысы, Жастар паркі сынды негізгі құрылыс орындарына бақылау жасаған облыстық депутаттар «Құрылыс» жеке кәсіпкерлігі мердігерлік еткен Алашахан 34 «Д» мекенжайында жаңадан бой көтеріп жатқан тұрғын үй құрылысына да бас сұқты. Жалпы сомасы 400 млн теңгені құрайтын үй құрылысына қаражат облыс қазынасынан бөлінді.

Сондай-ақ, 300 млн теңгеге инженерлік желілер тартылу жұмысы да басталды. Алдағы уақытта қалада құрылыстың қарасы көбейіп, тағы да көп қабатты сегіз үй салынабақшы. Оның төртеуінің жобалық-сметалық



құжаттары дайын. Жоспарға сай бұл жерде көрік көз қызықтырар шағын аудан пайда болады. Серік Өтешов құрылыс және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығының ауыр міндетті арқалаған маңызды мәселе екендігін басты назарда ұстау керекін еске

сала отырып, құрылыс материалдарының сатып алынуы, білікті мамандар мен жұмысшылар санының жеткіліктілігі, қала халқының жұмыспен қамтылуы мәселелеріне кеңінен тоқталды.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

ӨҢІРЛЕРДІ ДАМУ – 2020

СУМЕН ЖАБДЫҚТАУ ЖАҚСАРАДЫ

Жезқазған қаласын ауыз сумен Ұйтас-Айдос жерасты су көзі мен Кеңгір қоймасы қамтамасыз етіп отырғаны белгілі. Қаламен бірге жасасып келе жатқан ішкі су құбырлары мен жабдықтардың тозығы жеткені жиі айтылатын. Енді Үкіметтің «Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасына» сәйкес қала тұрғындарын сапалы ауызсумен қамтамасыз ету үшін ауқымды жобалар қолға алынды.



Өңірлерді дамыту бағдарламасы аясында үстіндегі жылы Жезқазғанда жалпы құны 1 млрд. 498 млн. теңге болатын 4 жобаны жүзеге асыру жоспарланған отыр. Оның ішінде алдағы жылы да жалғасын табатын қала ішіндегі су құбыры желілерінің үш кезегіне қайта жаңғырту жүргізіледі. Оған 998 млн. теңге қаржы қарастырылған. Биылғы жылы су құбырлары желілерінің 2-ші және 3-кезектерін қайта жаңғырту үшін 680,2 млн. теңге бөлінді. Осы қаржыға қала ішіндегі 29,0 шақырым су құбыры желілері жаңартылатын болады. Жұмысқа кіріскен мердігер ұйым маусым айының соңы күндеріне дейін 45,0 млн. теңгені өңдейді.

Сонымен қатар, үстіндегі жылы су құбыры желілерінің 1-кезегін де қайта жаңғырту жоспарланған болатын. Жалпы ұзындығы 19,3 шақырымды құрайтын бұл желінің құрылыс-монтаж жұмыстарының сметалық құны 3702,0 млн. теңге. Мұның 317,3 млн. теңгесі бөлініп, осы қаржыға Оңтүстік, Жаңа солтүстік және Ескі солтүстік су жолдарының 20,2 шақырымдық магистральдық желілері жаңадан тартылмақшы. Осы жоба бойынша жарияланған конкурста 3406 млн. теңге көлеміндегі бағасын ұсынған «Мелиоратор» ЖШС жеңімпаз атанды. Демек, сметалық жобаланған қаржыдан 168 млн. теңге үнемделіп отыр. Қазірде бұл мердігермен келісім шарт жасалу үстінде.

Өңірлерді дамыту бағдарламасы бойынша үстіндегі жылы қаланың шаруашылық-ауыз су тазарту қондырғылары да қайта жаңғырту жоспарланған болатын. Бұл жобаның жалпы құны 4 381731,0 мың теңге. Оның ішінде 3 505385,0 мың теңге республикалық бюджеттен болса, облыстық бюджеттен 876346,0 мың теңге қаржы қаралған. Осы жобаны жүзеге асыру барысында қаланы ауызсумен жабдықтауды жақсартуға негіз болатын 2-көтерменің насос станциясы қайта жаңғыртылып, 643 метрлік Ұйтас-Айдос су жинақтау және су қоймасы су тартқыштары салынады. Ұзындығы 4 шақырым болатын ішкі алаңдық желілер төселеді. Таза суға арналған көлемі 1700 текше метрлік бір, 2 мың текше метрлік үш және 4600 текше метрлік екі резервуар қайта жаңартылады. Тағы басқа біршама шаралар белгіленген.

Айта кету керек, бұл қала тұрғындарын сапалы ауызсумен қамтамасыз ету бағытындағы маңызды да ауқымды жоба. Мемлекет өңірлерді дамыту бағдарламасына орай қыруар қаржы бөліп отыр. Ендігі шаруа өзімізге байланысты. Жергілікті билік белгіленген қаржының тиімді жұмсалып, белгіленген жұмыстардың сапалы атқарылуын дұрыс қадағалай білсе, көптен көтеріліп жүрген әлеуметтік мәселенің өзекті түйіні ойдайдай шешілетін болады.

Амандық РАХҰЛЫ

БАЙЫТУШЫЛАР КҮНІ АТАП ӨТІЛДІ

Маусым айының соңғы күндері жез қаланың халқына көңілді кеш сыйлаған түрлі мерекелік іс-шарамен есте қалды. Шараға басты ұйытқы – байытушылардың кәсіби мерекесі.

Жезқазған қаласының 65 жылдық тарихында байытушылардың сіңірген еңбегі мен қажыр-қайраты орасан «Ғалымға азық берер қайнар көзі кітап бетімен лаборатория аумағымен ғана шектелмейді, өмірді

атап өтілген байытушыларды төл мерекесімен Жезқазған қаласы әкімінің орынбасары Нұржан Орынбаев арнайы келіп құттықтады.

— Байытушылар қай кезде де ерекше құрметке ие. Себебі сіз-



танумен еңбек адамының жасампаз ісін танумен кен ерісің табады», — деп Қаныш Сәтбаев айтқандай, ғылымды білім де білікті еңбек адамы ғана алға жетелеп, мәртебелі етері анық. Осы орайда Жезқазған байыту фабрикаларының жұмысын жемісті қылып отырған байытушылардың еңбегі өлшеусіз. Халықтар достығы мен мәдениеті үйінде салтанатты түрде

дердің еңбектегі жемістеріңіз өліміз үшін стратегиялық маңызға ие. Аймағымыздың тұрақты дамуының бір парасы сіздердің еңбектеріңіз бен сапалы қызметтеріңізге тікелей байланысты. Құрметті байытушылар, сала ардагерлері, сіздерді төл мерекелеріңізбен құттықтай отырып, өліміздің өркендеуі мен дамуы мақсатында жасап жатқан күрделі де



ігі істеріңізге толайым табыс тілейміз — деп мереке иелерін құттықтаған Нұржан Орынбаев сала майталмандарына Қарағанды облысы әкімінің Құрмет грамотасы мен ақшалай сыйлығын табыс етті.

Байытушыларды кәсіби мерекесімен құттықтау салтанатын «Қазақмыс» корпорациясы басқару кеңесінің бас директоры Бақтияр Қырықпашев жалғастырды.

— «Қазақмыс» корпорациясы байыту кешенінде 4000-нан аса адам еңбек етеді. Олардың барлығы өз ісінің шеберлері. Әрбір жұмысшы «Қазақмыс» корпорациясының дамуына өз үлесін қосуда. Сондықтан барлық байытушыларға үлкен алғысымды білдіремін, — деп Бақтияр Қырықпашев байытушы мамандарына «Kazakhmys Holding» директорлары-

ның Құрмет грамотасы мен ақшалай сыйлығын табыс етті.

Сондай-ақ, байытушыларға «Nur Otan» партиясы «Қазақмыс» корпорациясы жанындағы Қарағанды филиалы төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан Шыңғысов, «Қазақмыс» корпорациясы байыту өндіру кешенінің бас директоры Марғұлан Садуақасов, «Кәсіп Қорған» кәсіподағының төрағасы Тоғызбай Тәжбе-нов, «Jastar Bolashaq» жастар ұйымының төрағасы Сабыржан Тембаев жүрежарды тілектерін білдірді.

Салтанатты шарада сонымен бірге бірқатар сала озаттары марапатталып, барша үздік байытушылар бас қосқан кеш одан әрі қазақ эстра-да жұлдыздарының әсем ән кешімен, әдемі отшашуымен қорытылды.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ЖАҢАЛЫҚ КӨП

Жезқазған қалалық білім бөлімінің басшысы Жеңіс Әлмағанбетовтың қала тұрғындары, ата-аналар және үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері алдында есеп берді. Жиын қала ата-аналарымыз тығыз байланыс орнатып, негізгі түйткілдерді шешу, білім беру жүйесіндегі өзгерістерді таныстыру, алға қойылған мақсаттарды бірге талқылауды мақсат етті.

Жеңіс Әлмағанбетов барлық ата-аналарды толғандыратын жаңартылған білім мазмұны, критериялы бағалау, бағалаудың өлшемдік технологиясы, білім саласындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, материалды-техникалық базаны нығайту, инклюзивті білім беру, оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету, олардың бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру сынды мәселелерді көптің талқысына шығарды.

Сондай-ақ, ол атқарылған мәселелер тізбегінде күрделі жөндеуден өткен балабақша мен мектептерге тоқталып, олардың заманауи үлгідегі техникалық жабдықталуына да кеңінен тоқталды. Атап айтқанда, биылғы оқу жылында 49 жаңа модификациялы, 12 IT-кабинет өз жұмысын бастай-



ды. Сонымен қатар, мектеп кабинеттері 979 мектеп партасы мен орындығымен, 109 тақтамен толықтатылады.

Білім бөлімінің басшысы көтерген тағы бір

мәселе – Теректі ауылының мектебі. Ол бүгінде апатты жағдайда екен. Енді 0, 1-4 сыныптан бастауыш сыныптарға арналған екінші корпусқа білім алса, жоғары сынып оқушылары үшін № 9 мектеп-интернатында оқу жұмыстары ұйымдастырылады.

Сонымен қатар, Балқаш қаласындағы «Балдаурен» лагеріне 35 балаға жолдама беріледі және «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС өз жұмыскерлерінің балаларын сауықтыру мақсатында 70-ке жуық балаға Бұрабай демалыс орынындағы «Звездный» лагеріне жолдама үлестірмек.

— Бүгінде мемлекетіміз жаңа тарихи кезеңге — «Рухани жаңғыру» кезеңіне аяқ басты. Рухани жаңғырудың ең басты шарты — білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу. Өйткені, ҚР Тұңғыш Президенті «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында атап көрсеткендей, «табысты болудың ең іргелі факторы білім екенін ерқайсысымыз терең түсінуіміз керек. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бөрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді». Сіздермен кездесуіміз өлі де өз жалғасын табатын болады, — деп өзіміз аяқтады Жеңіс Әлмағанбетов.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН
Суреттерді түсірген
Фалия ӘБДИҒАППАРОВА

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫ ХҚКО ТІРКЕЙТІН БОЛДЫ

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының құзырына заңды тұлғаларды тіркеу функциясы өтті. Бұдан бұрын халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы қабылданған құжаттар өңдеу үшін Әділет министрлігіне жіберілетін. Бұл туралы Facebookтегі ресми парақшасында «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының басқарма төрайымы Әсемгүл Балташева мәлімдеді.

«Енді біз заңды тұлғалардың құжаттарын қабылдап қана қоймай, өңдеп, мемлекеттік тіркеуге қоятын боламыз. Бұл қызметті атқару үшін Әділет министрлігінің аймақтық бөлімшелерінен 98 қызметкер бізге ауысты, оған қоса біз 197 қызметкерімді оқытудан өткіздік» делінген хабарламада.

Жаңадан енген өзгерістерге сәйкес заңды тұлғаларды, атап айтқанда акционерлік қоғамдарды, мемлекеттік кәсіпорындарды, барлық коммерциялық ұйымдарды мемлекеттік қайта тіркеу, тарату, филиалдар мен өкілдіктерді есептік (қайта тіркеу) тіркеу қызметтері, құжаттардың қолданыстағы заңнамаға сәйкестігі туралы құқықтық сараптама мен мемлекеттік корпорация қызметкерлері жүргізеді.

Сонымен қатар мемлекеттік корпорацияның мамандандырылған ХҚО-лар қызметіне өзгерістер енді. 1 шілдеден бастап ондағы ІІМ қызметкерлерін «Азаматтарға арналған үкіметтің» мамандары алмастырады. Көлікті тіркеуге қою немесе алу, жүргізуші куәлігіне өтініштерді корпорация мамандары қабылдайды, онда жүргізілетін емтихандарды да авто ХҚО қызметкерлері өткізеді. Өз кезегінде, барлық қабылданған өтініштер ІІМ-нің арнайы құрылған кеңсесіне өңдеу үшін онлайн түрде жіберіліп отырады. Бұл осы саладағы жемқорлық өршеуін тыйып, мемлекеттік қызметтердің сапасы ері жылдам көрсетілуіне әсер етуі тиіс.



«Бұл ауқымды өзгерістер мемлекеттік қызметтердің сапасы көрсетілуіне оң ықпал етуі тиіс. Корпорациямыздың құзырына өткен міндеттердің өсуі – бізге деген сенімнің артқаны деп білеміз», деп атап өтті өз парақшасында Әсемгүл Балташева.

ЖЕМҚОРЛЫҚ – ІНДЕТ, ЖОО – МІНДЕТ!

Сыбайлас жемқорлық – әлемдегі барлық өркениетті қоғам үшін әлеуметтік қасірет болып табылатын кеселдің бірі.

Бұл кесел тамырын терең жайса кез келген мемлекеттің саясатына, экономикасына және тіптен ұлт қауіпсіздігіне зардап әкелетіндігі күмәнсіз.

Бүгінгі күні әрбір мемлекет бұл кеселмен күресудің түрлі тәсілдерін пайдалануда. Жаңа заңдар мен реформаларды, сыбайлас жемқорлықпен күресудің жаңа институттарын және тағы да басқа әдістерді тиімді пайдаланған кейбір мемлекеттер жемқорлыққа қарсы күрес ісінде нақты жетістіктерге қол жеткізді. Мысалға, жемқорлықпен күресуге және оның әлем бойынша деңгейін

на үкіметтік емес ұйымдар, БАҚ, мемлекеттік органдар, кәсіпкерлер палатасы, қоғамның белсенді жастары мен саяси партия өкілдері енді.

Арнайы мониторингтік топтың жұмысына келетін болсақ, 2018-2019 жылдары 9 отырыс өткізілді, стратегия жоспарының орындалуы бойынша 30-дан аса мәселе қаралды.

Сонымен бірге, арнайы мониторингтік топтың отырыстарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген сыртқы талдау қорытындылары мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг нәтижелері қарастырылды.

Бүгінгі таңда арнайы мониторингтік топтардың шеңбері кеңейіп, олар облысымыздың барлық қала және ау-

АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМНЫҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ШАРАЛАР ҮДЕРІСІНДЕГІ РӨЛІ

анықтауға бағытталған халықаралық үкіметтік емес ұйым «Transparency International» компаниясының мәліметінше Дания, Жаңа Зеландия, Финляндия, Швеция, Швейцария, Норвегия және Сингапур елдері сыбайлас жемқорлықты түсіну индексі бойынша рейтингісінде алдыңғы қатардан орын тапқан.

Біздің де мемлекетіміз жоғарыда аталған мемлекеттердің көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін жүргізіп отырған саясаттың негізгі басымдықтарының бірін сыбайлас жемқорлықпен күресуге бағыттады.

Мемлекетіміз Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың көрегенді саясатының арқасында тәуелсіздікті алған күннен бастап жүйелі және мақсатты түрде сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды жүзеге асырып келеді.

Қазіргі кезде Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының мақсаттары мен міндеттерін орындау 2014 жылдың 26 желтоқсанында қабылданған 2015-2025 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегия аясында жүзеге асырылуда.

Аталмыш Стратегияның негізгі мақсаты мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тиімділігін арттыру, жемқорлықтың кез келген көрінісіне «мүлдем төзбейшілік» ахуалын жасау және жемқорлыққа қарсы қозғалысқа бүкіл қоғамды тарту болып табылады.

Азаматтық қоғамды сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатқа тарту, сыбайлас жемқорлық көріністерін барынша азайтуға мүмкіндік береді.

Осыған орай, біздің департамент жанынан арнайы мониторингтік топ құрылды.

2017 жылы құрылған арнайы мониторингтік топтың негізгі мақсаты сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны мемлекеттік органдармен іске асырылу жай-күйіне тиісті мониторинг пен бағалау жүргізу болып табылады.

Бүгінгі күні арнайы мониторингтік топтың құрамы-

дандарында құрылды. Олардың құрамында да қала мен аудандардағы белгілі қоғам өкілдері, мемлекеттік емес ұйымдардың мүшелері бар.

Бұдан басқа арнайы мониторингтік топ мүшелері әскери қызметке азаматтарды шақыру алдындағы медициналық және шақыру комиссиялары жұмысына, студенттердің техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына түсу бақылауына тағайындалатын білім беру гранттарының, түсу емтихандарын өткізудің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында колледждерде құрылатын комиссиялардың құрамына бақылаушы ретінде қатысып сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің деңгейін төмендету бойынша іс-шаралар атқарады.

Сонымен қатар, арнайы мониторингтік топ бойынша ақпаратты облыс тұрғындарына тарату мақсатында әлеуметтік желіде арнайы парақша ашылды. Парақшада олардың ұялы байланыс телефондары, мониторинг жасайтын саласы және атқарылып жатқан жұмыстары туралы ақпараттар көрсетілген.

Жалпы, мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тиімділігін арттыруға бағытталған Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын жүзеге асыру бойынша Арнайы мониторингтік топтың жұмысы маңызды рөл атқаратынын атап өту қажет. Ол тек Стратегияның орындалуын талдау және бағасын берумен ғана емес, сондай-ақ қоғамдағы белсенді, жігерлі, намысы мен білімі бар азаматтардың басын біріктіріп жемқорлық індетіне қарсы бірге күресуге мүмкіндік береді.

Арыслан МЫҢЫШЕВ,
Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің сыбайлас жемқорлықтың алдын алу басқармасының бас маманы

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

ТАРИФТІ ӨЗГЕРТУДІ СҰРАДЫ

Қалалық әкімдіктің отырыс залында табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің ұйымдастыруымен өткен қоғамдық тыңдаудың күнтізбесінде «ЖезказғанЭнергоСбыт» ЖШС электр энергиясы бағасын өзгерту жөніндегі өтініші қарастырылды.



Жезказған қаласының коммуналдық сала мамандары қатысқан жиында табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаментіне қарасты баға бөлімінің бас маманы Дана Кәрібаева жүргізді. Мінберге шыққан «ЖезказғанЭнергоСбыт» ЖШС мемлекеттік мекемелер және қоғаммен байланыс жөніндегі директоры Айдар Айтұғанов баяндама жасады. Ол өз сөзінде электр энергиясымен жабдықтаушы компанияның Қарағанды облысы аймағындағы тұтынушыларына ұсынатын жарық құнын өзгертуінің себеп-салдарын жіктеп, өкілетті орган рұқсат берген жағдайда жарық бағасы қандай болатынын ашып айтты.

«Елбасының тапсырмасы бойынша бізде кәсіпкерлердің шығын азайту арқылы оларға қолдау білдіру мақсатында дифференциацияланған тариф енгізу қолға алынғаны белгілі. Осы ретте, біздің компания 2014 жылдан бері тарифты өзгертегіні қаперге ала отырып, комитеттің қарауына жаңа бағаның жобасын ұсынды. Бұл жобадан кәсіпкерлер үшін жарық құны

арзандаса, мемлекеттік мекемелер үшін қымбаттайды. Дифференциацияланған тариф мемлекеттік мекеме есебінен жеке кәсіпкерлердің жүкте-месін жеңілдетуді мақсат етеді, – деді Айдар Айтұғанов.

«ЖезказғанЭнергоСбыт» ЖШС қосымша құн салығын есепке алмағанда сағатына 1 кВт жеке тұлғаларға 13 теңгеден ұсынса, мемлекеттік органдар мен жеке кәсіпкерлерді 18,41 теңге көлеміндегі жарықпен қамтамасыз етуде. Жаңа жоба мақұлданып болса 2019 жылдың 1 шілдесінен бастап тұрғындар жарықтың бір кВт үшін 14,17 теңге, ал жеке кәсіпкерлер 15,99 теңге, бюджеттік мекемелер 37,42 теңге төлейтін болады. Бұл жерде қосымша құн салығы қосылмағаны өскереу қажет. Дегенмен, бұл әлі талқылаудағы жоба. Естеріңізге сала кетсек, «ЖезказғанЭнергоСбыт» биылғы қыста да жезказғандықтарды жинап, қоғамдық тыңдау өткізген болатын. Алайда, олардың құжаттары түгел болмауына байланысты жарықтың бағасын өз-

Бота ШАЛҚАР
Суретті түсірген
Ғалия ӘБДИҒАППАРОВА

ПАРАҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС – ОРТАЛЫҚ МІНДЕТІ

Қазіргі кезде сыбайлас жемқорлық әлемнің кез келген елінде бар әлеуметтік құбылыс ретінде бағалауға болады. Оның өршеуі ауқымдылығында. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму үдерісін, нарықтық экономиканың құрылуын, инвестициялар тарту процесін тежейді. Демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсерін тигізеді, елдің болашақ дамуына елеулі қауіп төндірді. Сондықтан, Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі – сыбайлас жемқорлықпен күрес.

Жалпы, «коррупция» термині латын тілінің «corruptio» деген сөзінен шығып, мағынасы жағынан «мемлекет органдарының қорым-қатынастарды бұзу» дегенді білдіреді, «параға сатып алу» терминімен сәйкес, яғни лауазымды тұлғаның өз билігі өкілеттігі мен сөнін тапсырылған құқығын заңға және моральдық нормаларға қайшы келетін өтірік айту, бопсалаушылық жолдарымен жеке бас пайдалануға және саяси элитаға қатысты жиі қолданылады. Осыған сай термин әдетте бастапқы латын сөзінің бірінші мағынасынан шығатын кең мағынаға ие, едәсіздік тәртіпті білдіреді.

Жемқорлықты жеңу Қазақстан үшін Елбасы Н.Ә. Назарбаев нақты белгілеген мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Сол себепті Нұрсұлтан Әбішұлы өзінің «Қазақстан-2050» стратегиясында дамыған мемлекеттің жаңа саяси басымдықтарының бірі ретінде сыбайлас жемқорлықпен күресті атап көрсетті. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңында сыбайлас жемқорлыққа мынадай анықтама берілген: бұл – «...жеке түрде немесе делдалдар арқылы мүліктегі игіліктерді заңсыз алу және мемлекеттік қызмет атқарушы тұлғалардың, сондай-ақ оларға төңестірілген тұлғалардың өз лауазымдық өкілеттіктері мен өкілеттеріне қатысты мүмкіндіктерін мүліктегі пайда табу үшін жеке басына пайдалану, сондай-ақ аталмыш тұлғаларға жеке және заңды тұлғалардың көрсетілген игіліктер мен жеңілдіктерді құқыққа қайшы түрде пара ұсыну жолымен сатып алу».

БҰҰ-ның құжаттарында қолданылатын жемқорлық терминінің халықаралық-саяси анықтамасы мынадай деп берілген: Сыбайлас жемқорлық – бұл мемлекеттік билікті жеке бас пайдасы үшін, үшінші бір тұлғалар мен топтардың мақсаты үшін асырау пайдалану.

Пара деп саналатын нәрселер: Заттар – ақша, оның ішінде валюта, банк түбіртектері мен құнды қағаздар, бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған бұйымдар, автовәліктер, пәтерлер, саяжайлар мен қала сыртындағы үйлер, азық-түліктер, турмыстық техника мен аспаптар, өзге тауарлар, жер учаскелері және өзге жылжымайтын мүлік. Сонымен қатар, мемлекеттік қызметкерлерге ешқандай сый-құрмет алуға болмайды!

Осыған байланысты 2014 жылдың 26 желтоқсанында ҚР 2015-2025 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа стратегиясы бекітілді. Стратегияның мақсаты мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тиімділігін арттыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалысқа кез-келген жемқорлықтың туындауына «нөлдік» төзімділік таныту атмосферасын құру жолын қолдану арқылы барлық қоғамды тарту, сондай-ақ, Қазақстанда сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету болып табылады.

Стратегиямен белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың басты бағыттары мынадай: – мемлекеттік қызмет саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар қолдану; – қоғамдық бақылау институттарын енгізу; – мемлекеттік сынайлы және жеке меншік секторларда сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет жасау; – құқық қорғау және сот органдарында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу; – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру; – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселесі бойынша халықаралық ынтымақтастықты дамыту.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – баршамызға ортақ іс. Сыбайлас жемқорлыққа қатысты мәселе еркін Елбасының назарында. Елбасымыз Қазақстан халқына арнаған дәстүрлі Жолдауында «Сыбайлас жемқорлық қоғамға, мемлекеттің конституциялық негізіне қауіп төндірді, сондықтан онымен күрес жүргізу – жалпы ұлттық міндет», – деген болатын.

Елбасының мемлекетіміздің тағдыры үшін маңызды құжаттың атылған мемлекеттік қызметтегі тұлғаларға қойылатын талап «Әрбір мемлекеттік қызметкердің ары да, жаны да таза, сауатты және білікті, біреуге тәуелді болмайтындай жағдайда болса екен», – деген жұртшылықтың пікірімен үндескендей.

Мемлекеттік қызметкердің атына кір келтіретін әрекеттерден әркімнің де аулақ болғаны жөн. Бұндай заң бұзушылыққа қасақана барғандар қатаң жазаға тартылады.

Жезказған қалалық сотының баспасөз қызметі

«АДАЛДЫҚ АЛАҢЫ» – ЕЛГЕ ҚАЖЕТ ЖОБА

Сиракьюс қаласында (Нью-Йорк штаты, АҚШ) орналасқан PRS Group бөбелді халықаралық америкалық рейтингтік компаниясы 2019 жылдың бірінші тоқсанына арналған елдік тәуекелдердің рейтингін жариялады.

140 елдің ішінде Қазақстан 66-орында орналасып және өткен жылдың нәтижелерімен салыстырғанда елдік тәуекелдердің көрсеткіштерін жақсартып, 69,8 балл жинады. 2018 жылғы 4 тоқсандағы нәтиже бойынша 69,5 балл алған болатын.

PRS Group елдік тәуекелдердің рейтингі саяси, экономикалық және қаржылық тәуекелдерге байланысты үш блоктан тұрады. Саяси тәуекелдер бойынша Қазақстан – 65,5 балл (2018 ж. 4 тоқсанында 64,5 балл), экономикалық тәуекелдер бойынша – 38,0 балл (36,5), қаржылық тәуекелдер бойынша 36,0 балл (38,0) жинады. Осылайша, өткен жылмен салыстырғанда республика екі блок бойынша өсім көрсетті.

Көп жағдайда рейтингтегі осындай ілгерілеу саяси тәуекелдегі сыбайлас жемқорлықты азайту есебінен мүмкін болады. Сарапшылар оны 0-ден 6-ға дейінгі шкала бойынша бағалайды. Осы көрсеткіш бойынша Қазақстан биылғы бірінші тоқсанының қорытындысы бойынша 3 балл алды, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда (1,5) көрсеткішін екі есе жақсартты. Ресей – 1,5, Эфиопия – 1,5, Беларусь – 2, Армения 2 балл жинады. Қазақстанмен бір орында Италия, Польша, Венгрия, Чехия және Хорватия орналасқан.

Айта кетейік, ҚР Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Бес институтындалық реформаны жүзеге асыру жөнінде ұсынған «100 нақты қадамның» он үшіншісі – жемқорлыққа қарсы күресті күшейту. Онда жаңа


заңнамалар әзірлей отырып, жемқорлық құқық бұзушылықтың жүйелі түрде алдын алу және сауықтыру үшін арнайы шараларды қолға алу тапсырылған.

Осы орайда бизнесті және инвестицияларды қорғауға арналған Protecting Business and Investments жобасы қолға алынды. Оның шеңберінде агенттік 300-ден астам компаниямен ынтымақтастықта жұмыс істеуде. Олар бизнесті парасыз – адал жүргізуге міндет теді.

Колледждер мен жоғарғы оқу орындары деңгейінде академиялық адалдық қағидаларын және олардың ашық қызмет көрсетуін нығайтуға бағытталған «Саналы ұрпақ» жобасы қолға алынған. Мақсаты – білім беру жүйесінде сыбайлас жемқорлықты жою, білім беру жүйесі арқылы сыбайлас жемқорлықтан бас тарту ортасын қалыптастыру. Жобаның Стратегиясы елдегі білім беру ұйымдарында озық тәжірибені одан әрі пайдалану мақсатында пилоттық бағыттарды апробациялауға және іске асыруға негізделген.

Сондай-ақ, Елбасы тапсырмасына сәйкес Adaldyq alauy – «Сыбайлас жемқорлықтан ада өңірлер» республикалық жобасы жүзеге асырылып жатыр. Оған мемлекеттік қызметтің сапасын жақсартуды және турмыстық сыбайлас жемқорлықты жоюды көздейтін келген кез келген адам қосыла алады. Жобаның негізгі мақсаты – қала мекемелерінде қойылып жағдай жасау, қызметтерді алу процестерін автоматтандыру және оңтайландыру, олардың қол жетімділігін арттыру және

Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес нәтижесі



турмыстық сыбайлас жемқорлықты болдырмау. Міндеті – турмыстық сыбайлас жемқорлықты жою және азаматтар үшін қолайлы жағдай жасау, қоғамдық бақылауды жүзеге асыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы нақты шаралар қабылдау үшін басқа өңірлерде де осындай жұмыс басталды. Жоба аясында «Қоғамдық бақылаудың интерактивті картасы» құрылды. Қазіргі уақытта картада елорданың әлеуметтік нысандары көрсетілген. Жобаның сокураторы

Жазира Жылқышиеваның айтуынша, биылдан бастап Шымкент және Алматы қалаларында да осындай карта әзірленетін болады. Ол бюджетке қатысты ақпараттар бөлек, әлеуметтік желілердегі азаматтардан автоматты түрде шағымдар қабылдай алады.

Сонымен қатар еліміздегі барлық қалаларда журналдар, автовәліктер, құқық қорғаушылар, үкіметтік емес ұйым өкілдері, келісім-қызметтер, студенттер, оқытушылар, қала құраушы және ірі кәсіпорындардың заңгерлері, өкімдер мен мексикал депутаттарына арналған

Transparency Kazakhstan сыбайлас жемқорлыққа қарсы жазғы мектеп өткелі жатыр. Онда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестегі халықаралық тәжірибеге, қазақстандық сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаларына шолу жасалып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қолданбалы құралдар мен қадамдық ұсынымдар, стратегиялар талданып болады.

Айта кетейік, құқық қорғау органдарындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша 2019-2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары құрылған. Онда құқық қорғау органдары қызметкерлеріне деген халықтың сенімін арттыруға және олардың имиджін жақсартуға, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға, кадрлық әлеуетті арттыруға, Ішкі істер органдары қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбейшілігін қалыптастыруға және сыбайлас жемқорлық көріністеріне қоғамдық төзбейшілікті арттыруға бағытталған іс-шаралар тізімі көрсетілген. Атап айтқанда, сыбайлас жемқорлықпен күрес мәселелері бойынша ІІД және ІІМ басшылары ай сайын кәсіби қоғамдастықпен ашық пікір сайыстар түрінде кездесу өткізуі керек. ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі және ҚР Қорғаныс министрлігімен бірлесіп, жол парактары жөніндегі мәселесін қарастыру, автовәліктер техникалық қарау тиімділігін арттыру және сыбайлас жемқорлықты төмендету бойынша ұсыныстарды әзірлеу, ІІМ бизнес-үдерістерінің ашықтығы мен тиімділігін арттыру жөніндегі ІТ-шешімдерді іздеу бойынша АстанаХаб базасында және әлеуметтік желілерде Хакатондар өткізілуі тиіс.

Майя МҰРАТБЕК

100 ЖАҢА ОҚУЛЫҚ


ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫНЫҢ БЕДЕРЛІ БЕЙНЕСІ

Бұл оқулық дүниежүзі тарихының энциклопедиясы деуге болады. Өйткені кітап адамның пайда болған кезінен бастап бүгінге дейінгі адамзат тарихын тұтас қамтиды. Демек, оны тарих факультеттерінде оқытылатын бірқатар базалық пәндер және элективті пәндерді оқытуда пайдалана аламыз. Сондай-ақ, бұл еңбектің еліміздің жас тарихшылары үшін тарих ғылымының теориялық және методологиялық негіздерін меңгерудегі маңызы ерекше. Бүгінгі таңда бүкіл Кеңес Одағынан кейінгі кеңістікте тарихтың философиясы мен теориясында жаңа парадигманы қалыптастырудың өте күрделі міндеті тұр. Осындай жағдайда біздегі қалыптасқан кеңестік методологияның монополиясы аясынан шығып, альтернативті теорияларды меңгеруде де осы ұсынылып отырған оқулықтың айрықша көмегі болары анық.



«Panorama: Дүниежүзі тарихы» оқулығында адамзат тарихы біртұтас тарихи процесс ретінде қарастырылады. Тарихи процестің біртұтастығы туралы идеяны жақсы білеміз, бірақ біз үшін бұл біртұтастық тарихи материализмге негізделеді. Ал «Panorama: Дүниежүзі тарихында» біртұтастықтың негізі – адамның үнемі күрделілікке ұмтылуы әрекеті. Формациялық теория бойынша адамзат тарихы – бес формацияның революциялық жолмен ауысып отыруы болса, бұл кітапта адамзат тарихы – қарабайыр өмірден күрделі өмірге өту және осы күрделіліктің үдемелі түрде өсіп отыруы тарихы. Бүкіл кітаптың өн бойына осы «күрделілік», «күрделі қоғам», «күрделілікке бағыт алу» деген түсініктерді кездестіреміз. Бұл еңбектегі адамзат тарихының басты мәнін ашатын, тарихтың барлық кезеңдерін біріктіретін осы негізгі идея. Бүгін өлемдік ғылымда синергетиканың әдістерін гуманитарлық ғылымдарда қолдану мәселесіне айрықша назар аударылады. «Panorama: Дүниежүзі тарихы» адамзаттың үнемі күрделілікке ұмтылу арқылы бүгінгі сан салалы нағыз күрделі қоғамды құру тәжірибесін нақты тарихи материалдармен сипаттауынан осы панаралық әдістің іс жүзінде қалай қолданылғанын көреміз. Сондай-ақ авторлар

адамзат тарихы дамуының біртұтас процесін сипаттай отырып, тарихтағы жеке тұлғаның орнын да көрсете білген, мұның өзінде жеке тұлғалар қатарындағы ерлер мен әйелдердің орны мен маңызын көрсетуде тепе-теңдік сақтаған. Оқулық құрылымында тарихи оқиғалар желісі жалқыдан жалпыға және жалпыдан жалпыға алма-көзек ауысып отырады. Адамзат тарихының біртұтастығы идеясын іске асыру барысында авторлар «Афро-Еуразия» атауын қолданған, оқулықта Афро-Еуразия түсінігіне «Афро-Еуразия – Африка мен Еуразия аумағын және көрші аралдарды тұтас кеңістік деп қарастыратын атау» деген анықтама берілген. Демек, олар Еуразияны ғана емес, бүкіл Азия мен Африканы (көрші аралдарды және Жапония, Филиппин, Британия сияқты аралдар тобын) ежелгі уақыттан бері маңызды тарихи даму сатыларынан бірге өткен тұтас жер ретінде қарастырады. Кітапты оқи отырып, студент Еуропа, Азия және Африка тарихының өзара байланысын көреді. Тарихты оқытуда оны кезеңдеу мәселесі айрықша үнемі алады. Біздің жүйеде тарихты қоғамдық-экономикалық формацияларға орай бес кезеңге бөлу сақталған. Ал «Panorama: Дүниежүзі тарихы» кезеңдерге бөлу күрделіліктің деңгейі мен өзара байланыстардың ауқымының өзгерістеріне негізделген. Біз үшін (табаңды марксист тарихшылар үшін) бұл да жаңа идея.



Оқулықта нақты оқиғалар мен құбылыстарды баяндау әртүрлі тарихи деректер мөтінімен толықтырылған. Негізгі тарихи материалды баяндау әдістері де қызығарлықтай. Әуелі талданбақшы кезеңнің жалпы сипаты мен ерекшеліктеріне қысқаша шолу жасайды. Одан кейін оқырманды ойlandsyратын сұрақ беріледі. Еңбекте берілген барлық суреттер, карталар, кестелер мөтімен тығыз байланысты, олар кітапта көркемдік міндетін ғана емес, білім беру міндетін атқарған сондай-ақ, оқулық мәтіні үнемі деректермен толықтырылып отырады. Осы оқулықты аудару барысындағы ең үлкен қиындық терминдерді аудару және белгілі тұлғалардың есімдерін беру болды. Бұл қиындық барлық аудармаларда бар. Бірақ тарих саласында ол ерекше. Өйткені тарих

пәндері ұзақ жыл бойы мектепте және жоғары оқу орындарында қазақ тілінде оқытылып келді, сол уақытта терминология қалыптасты, бірақ олардың басым бөлігі орыс тілінен калька ретінде берілді. Сондай-ақ, соңғы жиырма жылда терминдерді әркімнің өзінше аударуы басталды. Осылайша, біз, аудармашылар, екі оттың ортасында қалдық. Бір жағынан терминдердің аудармасын жаңалау керек, екінші жағынан мектеп оқулықтарында беріліп жүрген терминдердің аудармасымен де санасу керек. Өйткені олар мектеп оқулықтарына ғана емес, ұлттық бірыңғай тестілеу құралдарына да еніп кеткен. Осы ауыр міндетті дұрыс орындау үшін біз бүкіл мектеп оқулықтарын үнемі қарап отырдық. Одан кейін термин аудару принципін белгіледік. Егер термин ежелгі грек, латын тілдерінен шыққан

және халықаралық деңгейде қалыптасып кеткен болса, оны аудармаймыз. Ал термин орыс тілі мен ағылшын тілінде екі түрлі болса, біз оны тікелей ағылшын тілінен қазақшаға аударамыз. Белгілі тұлғалар есімі мектеп және жоғары оқу орны оқулықтарында орысша дыбысталуына орай берілген, олардың түпнұсқа тілде қалай оқылатыны ескерілмеген. Бірақ сол нұсқаны қалдырдық. Өйткені оларды өзгерту бүкіл оқулықтар мен ұлттық бірыңғай тестілеу құралдарын өзгертуді талап етер еді. Мұны да бүкіл қазақша оқулықтарды жинап алып, тексеру отырып, жасадық. Оқулықтағы әртүрлі аймақтар туралы кейбір ой түйіндері біздің ортамызда қалыптасқан пікірлерге сәйкес келмейді, сондай-ақ ежелгі кезеңнің белгілі тұлғаларына қатысты мөріміздік мәліметтер де қалыпса жағдайы мүмкін. Мұндай жағдайда авторлардың түпнұсқадағы тұжырымдары мен мәліметтерін бұлжытпай бердік. Сондай-ақ, бұл оқулыққа кейбір аймақтардағы бізге белгілі тарихи оқиғалар енгізілмеген болуы да мүмкін, мұның өзі авторлардың қателігі немесе әлдеқандай бір моноцентризмге әуестігі емес, керісінше, солардың негізгі ұстанымдарына сәйкес шешім болған.

Адамзат қоғамы дамуының барысында ғылымда теңгеріс жасаған жаңалықтар болғаны бәрімізге белгілі, жаратылыстану ғылымдары сол сілкіністердің негізінде қазіргі жоғары деңгейге жетті. Тарих ғылымындағы жаңалықтар мұндай теңгерістер түрінде емес, сонау Ағарту дәуірінен бастап күні бүгінге дейін ойластырылған, мойындалған және мойындалмаған теориялар мен концепциялар бейнесінде жасалды. Бүгінгі тарихтың философиясы мен методологиясы солардан өсіп шықты. Біздің міндетіміз – соның барлығын меңгере отырып, өткен тарихты зерттеу мен бағалауға көзқарасты өзгерту.

Гүлзаухар КӨКЕБАЕВА,
тарих ғылымдарының докторы,
профессор
Айкын.кз

ЖЕЗҚАЗҒАН УНИВЕРСИТЕТІНДЕГІ ЖОҒАРЫ БІЛІМНІҢ ИНТЕРНАЦИОНАЛДАНУЫ



Жоғары оқу орындарының білім беру, ғылыми және қоғамдық қызметіне халықаралық құрамдас бөлікті жүйелі интеграциялауды қажет ететін халықаралық қатынастарды жаңадан контекстінде жоғары білім беруді интернационалдандыру үдерістері болып жатыр. Халықаралық байланыстарды дамыту отандық жоғары оқу орындарының халықаралық білім беру кеңістігіне кірігуінің құралы ретінде ғана емес, сапалы және еңбек ресурстарын қалыптастыруға ықпал ететін фактор ретінде де маңызды рөл атқарады. Заманауи университет білім берудегі интернационалдауды білім беру мен зерттеуден бастап әкімшілік және ұйымдастырушылық қызметке дейін барлық қызмет саласына белсенді енгізуді көздейді. Өлемдік білім беру кеңістігіне ықпалдасу жоғары білім беру жүйесін басқаруды жаңғыртуды және соғырландырылған өзгерістерге сәйкес даму жолдарын талап етеді. Білім беру үдерісін жаңғырту қоғамның дамуына, оның эконкастары мен шыңдықты қабылдауға оң әсер етеді, экономикалық даму мен өнімділікке ықпал етеді. Жоғары білімнің интернационалдандуы осындай жаңғыртудың негізгі факторларының бірі болып табылады. Заманауи ақпараттық технологиялар білім беру бағдарламаларын таңдау мүмкіндіктерін айтарлықтай кеңейтті. Халықаралық білім беру бағдарламаларын әзірлеу Болон үдерісінің принциптерін іске асырудың негізгі құралдарының бірі болып табылады. Олар еуропалық білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға арналған же-

не жалпыеуропалық білім беру кеңістігін үйлестіруге қол жеткізу үшін маңызды құрал ретінде қарастырылады. Халықаралық білім беру бағдарламаларын дамыту білім беру қызметтерінің сапасын арттыруға, қолданыстағы білім беру бағдарламаларын жаңғырту қажеттілігіне, университеттегі бағдарламалардың еуропалық стандарттарға бейімделуіне ықпал ететін заманауи үдерістерге негізделген. Осының бәрі өз әлеуетін сәтті жүзеге асыру үшін студенттерді даярлаудың қосымша мүмкіндіктерін ашудың тиімді құралы болып табылады. 2018 жылдың 15 қарашасынан бастап, Ө.А. Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті ЭРАЗМУС+ЖӨАЖ: «Қазақстанның университеттері оқытудың жаңа технологияларын пайдалана отырып, сапаны қамтамасыз ету үдерістерін жетілдіруде» (KUTEL) жобасына қатысатын ЖОО-лардың қатарына кірді. ЭРАЗМУС + бағдарламасы 2007-2013 жылдар аралығында Еуропалық комиссиядан қолдау тапқан Темпбус, ЭРАЗМУС Мундус және с.с. бірқатар бағдарламаларды біріктіріп, 2014 жылы құрылды. ЭРАЗМУС + құрылымдық бағдарламасы бес негізгі бағытты қамтиды: «Академиялық ұтқырлық», «Инновация саласындағы ынтымақтық және оң тәжірибемен алмасу», «Саяси реформаларды қолдау», «Жана Монне акциялары» және «Спорт». Бұл бағдарлама инновация саласындағы ынтымақтық пен оң тәжірибе алмасу құрылымына және СВНЕ-SPKUTEL-ға кіреді.

«KUTEL» – бұл ЭРАЗМУС Плюс бағдарламасы аясында Еуропалық комиссиямен бірлесіп қаржыландырылатын үш жылдық жоба. Жобалық консорциум 14 ұйымды біріктіреді: 4 Еуропа мемлекеті – Италия, Болгария, Финляндия және Грекия, Қазақстан Республикасынан 10 ұйым. Қатысушы қазақстандық ұйымдардың қатарына еліміздің түрлі облыстарынан 7 университет, ҚР Ғылым және білім министрлігі, аккредиттеу жөніндегі агенттік және Қоғамдық қор кіреді. Жоба үйлестірушілері – Universitàdegli Studi Guglielmo Marconi, Рим, Италия. Консорциум құрамына Еуропаның 3 мемлекеті кіреді: BFU, Burgaski Svoboden Universitet (Болгария); UTU, Turun Yliopisto (Финляндия); Hellenic Open University (Грекия); Universitàdegli Studi Guglielmo Marconi, Рим, Италия. Қазақстандық серіктестер келесі мүшелерімен ұсынылған Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті, Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті, Қостанай мемлекеттік педагогтік университеті, Ө.А. Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті, Аккредиттеу және рейтинг жөніндегі тәуелсіз агенттік коммерциялық емес мекеме; «Ұлт көшбасшының жастар ұйымы» қоғамдық қоры; Алматы энергетика және байланыс университеті, Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инженеринг университеті және ҚР Білім және ғылым министрлігі. **KUTEL-дің негізгі мақсаттары:** 1. Аралас оқытуға сапаны қамтамасыз ету жүйесін (СҚЖ) енгізу жолымен оқыту әдістемесін жаңғырту және реформалау. 2. ЕО тәжірибесіне сәйкес қазақстандық университеттерде оқыту сапасын қамтамасыз етуге байланысты (TEL) технологияларын пайдалану отырып) аккредиттеу стандарттары мен ресімдерін әзірлеу және жетілдіру. 3. Қазақстандық университеттерде технологияларды сапалы қолдануды қамтамасыз ету үшін әдіснамалық база құру. 4. TEL бағдарламаларын аккредиттеуге және бағалауға жауап беретін негізгі жұмыс істейтін тұлғалар мен жоғары оқу орындарының өкілдері үшін тренинг өткізу. **Бұл мақсаттарға келесі әрекеттер арқылы қол жеткізуге болады:** 1. Білімді ЕО-дан Қазақстан институттарына табыстау. 2. Қазақстандағы барлық университеттер үшін сапаны қамтамасыз ету стандарттарына (QA) қол жеткізу. 3. Университеттер, аккредиттеу орталықтары, іскер топтар мен білім беру саласындағы мемлекеттік органдар арасындағы оқытуды жақсартатын технологияларды (TEL) және аккредиттеу мен оны тану мақсатында сапаны қамтамасыз ету жүйелерін саналы біріктіріп, енгізу үшін ұзақ мерзімді ынтымақтастықты жақсарту. **Жоба келесі кезеңдерден тұрады:** 1. Базалық талдау. Еуропа мен Қазақстанда TEL (институционалды деңгей) сапасын қамтамасыз етуді қолданыстағы құрылымына байланысты жоғары білім берудің қазіргі жағдайы туралы және Еуропа мен Қазақстанда TEL (ұлттық деңгей) сапасын қамтамасыз ету жүйесіне

байланысты жоғары білімнің қазіргі жағдайы туралы деректерді талдау және қорыту; Еуропа мен Қазақстанда TEL (ұлттық деңгей) сапасын қамтамасыз ету жүйесіне байланысты әрбір еуропалық елде жиналған үздік ұлттық тәжірибелер негізінде TEL бойынша QA еуропалық стандарттарын анықтау; қазақстандық және еуропалық университеттерде TEL базалық сапа стандарттарын белгілеу үшін деректерді салыстырмалы талдау және қорыту; KUTEL сапасын қамтамасыз ету құрылымы бойынша ұсынымдармен есеп дайындау. 2. TEL үшін QA саясатын әзірлеу және келесі іс-шараларды қарастыратын құрылымдық мүмкіндіктерді күшейту үшін оқыту жүргізу; KUTEL оқыту тұжырымдамасын әзірлеу; KUTEL платформасын жобалау және баптау; серіктес елдер әрбір университетінде KUTEL технологиялық инфрақұрылымын дамыту; пилоттық курс үшін KUTEL QA оқу жоспарын жобалау және әзірлеу. 3. Сапаны қамтамасыз ету. Бұл кезеңде сапаны қамтамасыз ету тобы құрылады, сапаны қамтамасыз ету жоспары жасалады, сапа бойынша сыртқы сарапшы таңдалады, деректер еңделді және ұлттық халықаралық деңгейде талдау жүргізіледі. Және бұл кезең менеджмент пен өнімге арналған сапа бойынша есептерді құрастырумен аяқталады. 4. Тарту және пайдалану. Осы бағытта валоризация бойынша команда құрылады. Яғни, олар KUTEL дизайнын құру және сайтты жаңарту, электрондық таратылымдарды жасау, аудару және жеткізу (EN, RU, KZ); плакаттар / брошюралар дизайнын, EN, RU, KZ аудару және басыл шығару); ұлттық / халықаралық деңгейде негізгі тақырыптық конференцияларға қатысу; ұлттық / халықаралық маңызды мүдделі тараптарды анықтау; ұлттық деңгейде негізгі тараптарға жарнамалық материалдарды жеткізу; ұлттық деңгейде негізгі тараптарға жарнамалық материалдарды жеткізу сияқты жұмыстар жасайды. 5. Жобаны басқару – жобаның қорытынды кезеңі, оған мыналар кіреді: шарттарға қол қою; KUTEL жобасының жоспарын, Басқарушы комитеттің және жұмыс топтарының жарғысын жасау; KUTEL басқару бойынша басшылық жасау; жобалық қызметті және әкімшілік мәселелерді басқару; серіктестер арасындағы, EACEA агенттігімен және т. б. қарым-қатынас орнату; EACEA отырыстарына қатысу; жобалық кездесулерді (жалпы және виртуалды) әзірлеу және қатысу; мониторинг құралдарын әзірлеу; жоба қызметінің ағымдағы мониторингін жүргізу (жоба жоспарын ағымдағы жаңарту); қорытынды шығару және сәйкессізін қорытынды есеп жасау. Жалпы алғанда, ЕО аясында түрлі білім беру бағдарламаларын енгізу білім берудің трансұлттық мәселелерін шешуге ортақ көзқарастар жасауға ықпал етеді деп санаймыз. Ғылым мен білімнің әртүрлі салаларының студенттері мен мамандарына арналған халықаралық білім беру бағдарламалары өз деңгейін арттыруға және тәжірибе алуға мүмкіндік береді деп үміттенеміз. **Гүлім ҰКІБАЕВА,**
Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің «KUTEL» жұмыс тобының зерттеушісі

ТІЛ АПАТЫ – ҚАРҒЫС



«Басқа пәле – тілден» деп өткен ата-бабаларымыз аңдап сөйлеуді, тілді талдап қимылдатуды үйреткен. Бұл қасиет дін диянаттың дәстүріне, шариғат шартына байланады. Осы тұрғыдағы көптеген ұлы жазбаларда арнайы бөлім мен баптар қарастырылған еңбектер жазылған. Бұл бөлімдер «Тіл апаттары» делінеді. Олар өсек, өтірік, ғайбат, жала, жалған айғақ және тағы басқалар. Тілден келетін осы үлкен күнәлардың ең жоғары шыңында қарғыс тұр. Яғни аты да, заты да, естілуі де анайы әрі тұрпайы, шариғат шеңберін бұзатын, пендені қақсататын, өмірін ақсататын, үмітін кемтар ететін осы – лағынет сөздер. Атамыз қазақ балаларын қарғыс алмай, алғыс алуға тәрбиелейтіні де осыдан. Негізінде, қарғыс күпірлікке жақын істерден. Алла Елшісі (с.ғ.с) жан-жануарды, мал атаулыны қарғауға тыйым салған, тіпті жансыз нәрсені де. Кезінде бір сахаба түйесін қарғағанда, ол қарғысы қабыл болып, түйе еркіне жіберіліп, өңсіз айдалада оның қор болып өлгені сүннеттен белгілі. Сол қатарда таң сәрідегі өтешті де қарғау күнә. Себебі, мойнын созып, періштені бірінші көретін елді таң намазға оятатын осы өтеш. Ендеше, өтешті лағынеттеу күнә болса, мешітте азан шақыратын муәззинге (азаныңға) қарғыс айту адамзатқа не әкеледі, ойлана берейік! Жаратылыстардың ұсақ-түйірлеріне жататын бит, шыбын-шіркейлерді де қарғаудан асыл діншіміз қайырады. Себебі, олардың қай-қайсысы болсын, тегіннен-тегің, бекер-

ден-бекерге жаратылмаған. Әлбетте, олардың біз біле бермейтін атқарар шаруалары жетерлік. Тоқсан жыл ғұмырында не адамға, не Аллаға пайдасын тигізбейтін адам болуы мүмкін. Ал, біле білсеңіздер, шебер Алланың бұл жаратылысы бір ай көлемінде өмір сүреді. Алайда, адамзатқа берер пайдасы баршылық. Егіңді шығынсыз жинауға көмектесетін, шегіртке және өзге зиянды жәндіктердің жұмыртқасымен зиянкестерді жоюға, бір қанатында мықты антибиотигі бар шипалы хикмет. Бір шыбынның өзінен көп ғибрат алуға болады. Тіптен, аңдардың алпауыты піл осы шыбыннан қорқады. Бірде Мысыр патшасы өз қызырына имам Аузағиді (р.ғ) шақыртады. Сол кезде патшаның мазасын айналдасындағы шыбын-шіркейлер алып отырғанда, имам кіріп келеді. – Осы шыбын-шіркей дегенді Алла Тағала не үшін жаратты? – деп патша имамға сұрақты деп қояды. Сонда ойланбастан: – Өзін құдіретті санаған зорларды тәубесіне түсіру үшін, сіз сияқты қол жетпес дәрежедегі адамның мазасын алу үшін осы шыбын жаратылды! – деген екен имам Аузағи (р.ғ). Табиғат құбылыстарынан қатты соғылған жел нәсерлер құйған жаңбыр, толассыз жауған қар, бет қарытар үскірік аяз, шөлжіктен аптап ыстыққа да қарғыс жүрмейді. Дегенше, адам аузынан шығатын небір лағынет алдымен көкке көтеріліп, осын іздейді. Оған аспан есігі жабық болса, жерге қайтып түседі. Жер қабылдамаған сук, мекенін таппаған қарғыс шыққан жеріне яғни ауыз іесіне оралады. Халқымыздың «Жүйелі қарғыс жүйесін табады, жүйесіз қарғыс иесін табады» дейтіні осыдан.

Ханафи мазһабында басшы Алланың қалауымен келетіндігі айтылады. Ал бұл қалауға қарғыс бағытталуға болмайды. Тарихта залым патшалығымен есте қалған Шиддат патшаның елі әрбір құшлықтарында жүйелі түрде оған қарғыс айта бастайды. Сонда заманының ғұламасы ибн Құдама: – Сендердің айтқан қарғыстарың Шиддаттың зулымыдығынан асып түссе, онда сол лағынеттерің өздеріңе оралады әрі бастарыңа зулмат өкеледі – дегені бар. Алла Тағала мен пайғамбарымыздың (с.ғ.с) қарғысы бірсыпыра ауыр күнә істеушілерге қоса тіркелген. Олардың кейбірін тізбектесек, ата-анасын ренжіткендер, сахабаларға түлі тігізгендер, мұсылмандарға қару көтергендер, хайуандарды бетінен соққандар, әділетсіз соттар, біреудің қателігін көріп оны түзетпегендер, пара берушілер және оны алушыларға үлкен қасірет бар. Сонымен бірге, қайғыда киімін жұрту, күпір сөз айту, аспан өлемі еститіндей ойбайлау, өзіне өлім тілеу лағынетті істер



қатары. Елдің ризалығынсыз имам болу, оларға басшы болу, Құран мен хадиске өздігінен сөз қосу, келешек ұрпаққа қасірет өкеліп, елдің азғындалып, жоқ болуына себепті күнәлардың бірі – ер мен ердің, әйел мен әйелдің жыныстық қарым-қатынастары лағынетті күнәлардың төресі. Лұт пайғамбар қауымының тып-тыпыл болуына өкеліп соқтырған да осы былапыт істер. Әбу Хұрайран (р.ғ) келген сахих хадисте адамдар өтетін жолға дерет сындырылса, лас су төгілсе, оған Алланың қарғысы, періштелердің қарғысы, жалпы адамдардың лағынеті болсын делінген. Міне, сол жер тазарғанша, ол жерді сол нелет басып тұрады. Сонымен бірге, адамдар көлеңкелейтін жерлер, қалатты үйлердің кіре берістері (подъездер), балалар ойнайтын алаңқайлар да, мешіт терізді құрметке ие ел игілігіндегі құтты мекендер. Түркі тектес ұлыстарда, үйдің кіре берісін «астана» дейді. Енді бұл сөз біздің түсінімізде үйдің кіре берісінен төрге дейінгі аралық болса, оның тазалығы періштелерді жақындатып, ал ластануы Құдайдан алыстау дегенді білдірсе керекті.


Бір адамның қолына терең іріңді жара шығады. Небір-небір ем-дом шараларды қолданса да, жарасы жазылмайды. Не дәрігердің дәрісі, не имам-молдалардың оқығандары шипа болмайды. Сонда бір үлкен ғұлама «Мүмкін осы қолыңмен біреуе зулымыдық жасаған шығарсың, қолыңды қарғаған болар» дейді. Сол сәтте ол үйінен жүгіріп шығып кетеді. Арда біраз уақыт өте, ол ғұламаға келіп, сой-сыяпатын беріп, батасын алады. Қолы дерттен айыққан, оның себебін сұрағанда:

– Менің құдайы көршім қайтыс болып, әйелі бірнеше баламен жесір қалды. Олардың үйіне тиесілі жерін өктемдікпен өзіме қаратып, иелігіме өткізіп, тартып алған едім. Сонда сол жесір әйелдің «Қолың құрсын» деген қарғысын құлағымың шығаны бартын. Сіздің сөзіңіз жүрегімді сырқыратып, соны еске салды. Деген әйелге тиесілі жерін қайтарып, қосымша үстемелеп сыйлықтар бердім, оның кешірімін алдым. Қолымыздың дерті жеңілдеп, айығып кетті – деген екен. Ұрпағымыздың келешегі, оның кемелдігі үлкендеріміздің дуалы батасында, болашақтарымыз күйрегі ата-аналарымыздың кейісті қарғысында жатыр. Қасиетті Меккенің Әл-Харам мешітінде қызмет атқаратын имамның анасы ұлына ашуланған кезеңде «Меккенің имамы болғыр!» дейтін әдеті болған екен. Міне, сол айтқаны қабыл болып, ұлы әлем мешітінің ұлық дәрежесіне көтерілді. «Менің осы имамдығым анамың қарғысымен келген» дегені де бар имамның. Сондықтан ағайын, әжелеріміздің тіл бейнесіндегі «Тұқымы жайлысың», «Кесеге көгерсін», «Көрпеге ұлғайсын», «Бұл дүниеде жиғаның, о дүниеде иманың болсын» деген көркем бұл сөздері жадымыздан өшпесін. Балаларымызға риза болмағанда, үйреншікті былапыт бөк сөздер мен қарғыс орнына «өкірің, өңірің, көктейің» деген сынды сөздерді әдетке айналдырайық. «Біреуге өлім тілегенше, басыңа өмір тіле» деген бар. Түбінде жақсылыққа апаратын бұл сөздерге періштелер «Әумин» десе, айтқанымыз тапжылмай орындалатыны хақ. Осы тіл апаттарынан мейлінше аулақ болайышы!

Нұрлан қажы БАЙЖІПТҰЛЫ
дінтанушы, имам

ТАЛАПКЕР – 2019

ТҮЛЕКТЕР ҰБТ ТАПСЫРДЫ



Көп түлектің көңіліне үміт пен күдік, қорқыныш пен қобалжу ұялатқан Ұлттық бірыңғай тестілеу сынағы да қорытыланды. 2017 жылдан бастап жаңа форматта өткізілетін тестілеу сынағына 2017-2018 оқу жылында еліміз бойынша 102 447 түлек қатысып, бақ сынаған. Олардың 77 224-і қазақ тілінде, 25 177-сі орыс тілінде, 46-сы ағылшын тілінде тестілеуден өткен. Ал, биылғы оқу жылында жалпы саны 143 089 түлек мектеп қабырғасынан ұшты. Солардың ішінде 95 340 түлек Ұлттық бірыңғай тестілеуден өтуге өтініш білдірген. Байқап

отырғанымыздай, былтырғы оқу жылына қарағанда, биыл Ұлттық бірыңғай тестілеуден өтуге ниет білдірген оқушылар саны азайған. Бұның бір себебі ретінде ҰБТ-дан өтуге деген урейдің артуы және арнаулы техникалық білім алуға қызығушылардың өсуі айтылады.

Биылғы оқу жылында да ҰБТ форматына көп өзгеріс енген жоқ. Ағылшын тілін меңгергендігін растайтын халықаралық сертификаттары бар тұлғалар үшін шет тілі пәні бойынша ҰБТ-дан босату туралы норма енгізілді. Оқушылар оқу жылы бойынша 4 рет – қаңтар, наурыз, маусым, тамыз айларында сынақ тапсырды. ЖОО-ның білім беру гранттары үшін сынақ маусым айының 20-сы мен шілденің 5-і аралығында өтті. Ұлттық бірыңғай тестілеуге Жезқазған-Сәтбаев аймағынан жалпы 939 түлек қатысты. Олардың 539-ы – ҰБТ форматында тестілеуден өтсе, 400-і – кешенді тестілеуге қатысып бақ сынады. Ұлттық бірыңғай тестілеу қорытындысы бойынша ең жоғары балл – 132, ал төменгісі – 10 баллды құрады. Айтарлықтай тәртіп бұзушылық жасап, аудиториядан шығарылған оқушылар болған жоқ.

Ендігі талапкерлерге жүктелер міндет – қоғам игілігіне қызмет етер, нарыққа қажетті мамандықты жаңылмай таңдай білу. Өмірде қателесуге болмайтын таңдау жасар алдында жеті рет өлшеп, бір рет кескеніңіз жөн, талапкер! Осы жолда бізде сізге сәттілік тілейміз!

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

БИЫЛ БІЛІМ ГРАНТТАРЫ ҚАЛАЙ БӨЛІНЕДІ?

Биыл Ұлттық бірыңғай тестілеудің (ҰБТ) өткізілу форматына қатысты ешқандай өзгерістер жоқ. Бірақ, білім беру гранттары бөлу үрдісіне бірқатар өзгерістер енгізілді. Осы уақытқа дейін ЖОО мемлекеттік гранттары мамандық бойынша бөлінген болса, енді білім беру бағдарламаларының топтары бойынша бөлінетін болады. Аталмыш топтарға жоғары оқу орындарының бір немесе бірнеше білім беру бағдарламалары кіреді. Барлығы 97 топ бар.

Мысалы, маусым айындағы Ұлттық бірыңғай тестілеудегі сынақты талапкер «Математика» + «Физика» пәндерінің комбинациясы бойынша тапсырады делік. Сәйкесінше, талапкер үшін білім беру бағдарламасының тобын ұсынылған 25 бағдарламаның ішінен таңдап алу мүмкіндігі туындайды. Төменде пәндер комбинациясы мен сәйкесінше білім беру бағдарламалары топтарының санын ұсынамыз:

- «Биология» + «География» — 9
- «Дүниежүзі тарихы» + «География» — 4
- «Математика» + «Физика» — 25
- «Химия» + «Биология» — 16
- «География» + «Дүниежүзі тарихы» — 1
- «Қазақ тілі» + «Қазақ әдебиеті» — 3
- «Орыс тілі» + «Орыс әдебиеті» — 3
- «Шет тілі» + «Дүниежүзі тарихы» — 5
- «Математика» + «География» — 9
- «Дүниежүзі тарихы» + «Адам. Қоғам. Заң» — 2
- «Химия» + «Физика» — 1
- «География» + «Шет тілі» — 2

Шығармашылық емтихан + Шығармашылық емтихан (білім беру бағдарламалары топтарының саны — 9).

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, талапкерлер үшін ЖОО-ға, оның ішінде Ә.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетіне түсуге қосымша мүмкіндік беретін жаңашылдықтарға тоқталып кеткеніміз жөн.

1. ҰБТ-ны енді жылына 4 рет тапсыруға болады.

Тестілеуді тапсырған сайын әр түрлі пәндер комбинациясын таңдауға болады. Білім беру гранттарын жеңіп алу үшін талапкер міндетті түрде жазғы ҰБТ тапсыруы қажет.

2. Техникалық және кәсіби білім беру ұйымдарының түлектері ҰБТ тапсырмай-ақ, өз мамандығы бойынша қысқартылған бағдарлама бойынша оқуын жалғастыра отырып, жоғары оқу орнына ақылы негізде түсе алады. Оқуға түсу үшін жоғары оқу орны емтихандарының нәтижелері жеткілікті;

3. Кешенді тестілеу (КТ) Ұлттық бірыңғай тестілеуден (ҰБТ) біріктірілді. Тек магистратураға түседі ғана Кешенді тестілеу (КТ) тапсырылады.

Осы ретте Ә. Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті Сарыарқаның жүрегі саналған Жезқазған-Ұлытау аймағындағы білім, ғылым және мәдениет орталығы екенін баса айтқымыз келеді. Университеттің басты мақсаты – әрбір жас талапкерге қоғамның қажеттіліктері мен қабілетіне сәйкес сапалы білім беру, еңбек нарығының сұраныстарын ескере отырып, бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау. Өткен оқу жылының қорытындысы бойынша республикалық рейтингіде Жезқазған университетінің білім беру бағдарламаларының үздіктер қатарынан көрінуі ісімізге серпін беріп, жаңа мақсаттарға жол ашты. Осы орайда биылғы түлектерге мамандық таңдауда дұрыс таңдау жасап, өздері қалаған оқу орнына түсулеріне тілектеспіз. Өйткені, әрбір адамның шын мәнінде қуаныш сыйлап, мақтаннұш сезімін әкелетін мамандық таңдағаны жөн. Ең бастысы, таңдаған мамандығыңыз болашақта еңбек нарығында сұранысқа ие болатындығы маңызды.

Әбділмәлік ТӘКІШЕВ,
Ә.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің ректоры,
Қазақстан Ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, техника ғылымдарының докторы, профессор

ЖОБА

ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ КВОТАСЫН БЕЛГІЛЕУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 9-бабының 6), 9) тармақтарына, «Мүгедектерге жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 28 шілдедегі № 498 бұйрығына (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14010 болып тіркелген) сәйкес, Жезқазған қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мемішкі түріне және мемішкінің ұйымдастырушылық-құқықтық нысанына қарамастан ұйымдарда жұмыс орындары квотасы белгіленсін.

1) осы қаулының 1 қосымшасына сәйкес ата-анасынан айырылған немесе ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын азаматтар үшін қызметкерлердің тізіміндегі санынан бір пайыз көлемде;

2) осы қаулының 2 қосымшасына сәйкес мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін ауыр

жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептегенде, жұмыс орындары санының екіден төрт пайызға дейінгі мөлшерінде.

3) Жезқазған қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 21 тамыздағы № 19/03 «Жұмыс орындары квотасын белгілеу туралы» (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4349 болып тіркелген, 2017 жылғы 28 қыркүйектегі № 38 (193) «Жезқазғанский вестник», № 38 (8051) «Сарыарқа» газеттерінде, 2017 жылғы 22 қыркүйекте Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Жезқазған қаласы әкімінің жетекшілік жасайтын орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жезқазған қаласының әкімі Қ. БЕГМОВ

Жезқазған қаласы әкімдігінің 2019 жылғы _____ № ____ / ____ қаулысына 1 қосымша

Ата-анасынан айырылған немесе ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын азаматтарға жұмыс орындары квотасы

№	Ұйымның атауы	Қызметкерлердің тізімдік саны	Квотаның көлемі (% қызметкерлердің тізімдік санынан)	Ата-анасынан көмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтар үшін жұмыс орындарының саны
1	«Қарағанды облысы Жезқазған қаласының қарттар мен мүгедектерінің медициналық-әлеуметтік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	144	1	1
2	«Жезқазған қаласы білім бөлімінің №1 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	128	1	1
3	«Жезқазған қаласы білім бөлімінің №9 тірек мектеп-интернат (ресурстық орталық)» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	112	1	1

Жезқазған қаласы әкімдігінің 2019 жылғы _____ № ____ / ____ қаулысына 2 қосымша

Мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін ауыр жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептегенде жұмыс орындары квотасы

№	Ұйымның атауы	Қызметкерлердің тізімдік саны	Квотаның көлемі (% қызметкерлердің тізімдік санынан)	Мүгедектер үшін жұмыс орындарының саны
1.	Қарағанды облысы білім басқармасының «Жезқазған политехникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	74	2	2
2.	«Жезқазған қаласы білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің № 7 балабақша «Айгөлек» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	66	2	1
3.	«Жезқазған қаласы білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің № 1 балабақша «Көктем» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	60	2	1
4.	«Жезқазған қаласы білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің №11 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	78	2	2
5.	«Қорғау қызметі» ЖШС филиалы	705	4	28

ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІ

САЛЫМШЫЛАРДЫҢ ЖАРНАЛАРЫНА ТЫЙЫМ САЛУ ШАРАСЫ ҚОЛДАНЫЛМАЙДЫ

Салымшылар арасында Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының жұмысы, жарналарды аудару тәртібі, зейнетке шығу жасы сияқты мәселелер бойынша сұрақтар туындап жатады. Солардың бірқатарына қор мамандары жауап береді.



Қазақстан Республикасында қызмет атқаратын халықаралық ұйымдарда, шет мемлекеттердің Қазақстанда аккредиттелген дипломатиялық және консулдық мекемелерінде жұмыс істейтін қазақстандық азаматтар міндетті зейнетақы жарналарын қалай төлейді?

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» ҚР Заңының 369-бабы 2-тармағына сәйкес Қазақстандағы халықаралық ұйымдардың өкілдіктерінде, шет мемлекеттердің өкілдіктерінде және аккредиттелген дипломатиялық өкілдіктерінде және консулдық мекемелерінде жұмыс істейтін Қазақстан азаматтары, сондай-ақ Қазақстаннан тыс жерлерде жұмыс істейтін отандастарымыз міндетті зейнетақы жарналарын төлеу бойынша құқықтық қатынастарға қатысуға құқылы. Бірақ міндетті емес. Дегенмен Қордағы жеке шотыңызға зейнетақы жарналарын тұрақты аударып отыру жинақтарыңыздың көлеміне, сәйкесінше болашақ зейнетақыңыздың қомақты болуына оң әсерін тигізеді.

Айта кетелік, Қазақстан Республикасының шетелдік мекемелерінде жұмыс істейтін дипломатиялық қызмет өкілдерінің міндетті зейнетақы жарналарын Қазақстанның Сыртқы істер министрінің орталық аппаратының қызметкерлеріне теңестірілген лауазымдар бойынша жалақының толық мөлшерінен ұсталды. Бұған негіз болатын құжат: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы №1116 Қаулысымен бекітілген «Міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу (есөбіне жазу) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару және олар бойынша өндіріп алу қағидалары мен мерзімдерінің» 5-тармағы.

Кезінде кейбір санаттағы азаматтарға төленген төлемдерден ұсталған жеке табыс салығының тапандан бері оларға қайтарылып жатқандығын естідім. Сол ұсталған жеке табыс салығын қайтару үшін қандай құжаттар ұсыну қажет?

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бизнес-ортаны дамыту және сауда қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 2 сәуірдегі № 241-ҮІ Заңының нормалары 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап орын алатын қатынастарға таратылады.

Осыған байланысты табысты түзету немесе салық шегерімін қолдануға және 2018 жылдың 1 қаңтарынан бері ұсталынып келген жеке табыс салығының өтелуіне құқығы бар зейнетақы төлемдерін алушыларға ұсталынып келген жеке табыс салықтары қайтарылады.

2018 жылдың 1 қаңтарынан бері ұсталынып келген жеке табыс салығын қайтару үшін зейнетақы төлемдерін алушылар БЖЗҚ-ның кез келген кеңсесіне өздері келіп немесе сенім білдірілген тұлға не болмаса пошта байланысы арқылы мынадай құжаттарды ұсынулары қажет:

– табысты түзету немесе салық шегерімін (оның ішінде жерлуге байланысты біржолғы төлемдер) қолдану туралы БЖЗҚ ішкі құжатпен бекітілген нысан бойынша өтініш;

– табысты түзету немесе салық шегерімін қолдануды растайтын құжаттардың көшірмелері және салыстыру үшін түпнұсқасы.

Құжаттар үшінші тұлға арқылы ұсынылған жағдайда, үшінші тұлға жоғарыда көрсетілген құжаттарға қоса мына құжаттарды ұсынады:

- 1) нотариат куәландырған сенімхаттың түпнұсқасы немесе оның нотариат куәландырылған көшірмесі;
- 2) үшінші тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі және салыстыру үшін түпнұсқасы;
- 3) алушының жеке басын куәландыратын құжаттың нотариат куәландырылған көшірмесі.

Бұл ретте алушының табысты түзету немесе салық шегерімін қолдану құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері нотариус арқылы куәландырылуы тиіс.

Құжаттарды пошта байланысы арқылы берген жағдайда табысты түзету немесе салық шегерімін қолдану құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері мен алушының өтініміндегі қолы да нотариус арқылы куәландырылады.

Ұсталынған жеке табыс салығының өтелуіне қатысты құқық зейнетақы төлемдері, оның ішінде жерлуге байланысты біржолғы төлемдер жүзеге асырылған күннен бастап 5 жыл бойы сақталады.

Егер зейнетақы төлемдерін алушы табысты түзету немесе салық шегерімін қолдану құқығына ие емес немесе тиісті құқығының бар екендігін растайтын құжаттар жоқ, не болмаса ұсынылған құжаттар Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына сәйкес келмесе, ұсталған жеке табыс салығы қайтарылмай мүмкін.

Зейнетақы қорындағы жеке зейнетақы шоттарына тыйым салу шарасы қолданыла ма?

САҚТАНСАҢ, САҚТАЙДЫ!

САЯЖАЙ ӨРТ ШАЛМАСЫН ДЕСЕК...

Арнайы сараптау нәтижесі өрт оқиғаларының 80 пайызы тұрғын-үй жағдайында, яғни азаматтардың жеке меншігіне тиесілі үйлер мен саяжайларда орын алатынын көрсетіп отыр. Осы ретте тұрғындар төмендегі сақтық шараларын сақтаса дейміз.

Өрттің таралуына жол бермес үшін міндетті түрде аумақта өрте қарсы күрәсіздік талаптары қатаң сақталуы қажет. Атап айтқанда, саяжай таза ұсталынып, қоқыс пен тез тұтанатын заттардан жүйелі түрде әрдайым тазартылып тұруы керек. Тез тұтанатын қалдықтарды арнайы белінген аумақтардағы контейнерлер мен жәшіктерде сақтап, кейін аулаққа шығарып тастап отыру қажет.

Саяжай қоғамдастығы орналасқан аумақтағы барлық құрылыстарға, яғни үй, қора-қонсыларға көлік кіріп шығатындай жағдай жасалып, телімдерге, су көздеріне баратын жолдар, сондай-ақ, өрт сөндіруге арналған құрал-жабдықтар тұрған жерлердің жолы әрдайым ашық болуы қажет. Құрылыстар маңайына жанғыш материалдарды, құрылыс материалдарын, құм, шымтезек, органикалық тынайтықштар сияқты заттарды жинауға, тіпті уақытша болса да қоюға болмайды. Автокөліктерді арнайы алаңға немесе тұраққа қойған жөн. Сонымен қатар, өрт сөндіргіш көліктерді кіруіне кедергі келтірмес үшін жолдарды ағаш бұтақтарынан тазалау қажет. Жөндеу жұмыстарын жүргізсе қалған немесе басқа да жағдайда жекеленген телімдердегі жолдарды, кейбір кіріп шығатын немесе су көздеріне барар жолдарды жабар кезде қажетті деген тұстарға айналма жолдың бағытын көрсететін көрсеткіш тақта қойылуы керек. Сондай-ақ, жолды жөндеу барысында міндетті түрде ол жерді айналып өтетін жолдар салынуы қажет.

Саяжайшылардың үйшіктерінде, қосалқы шаруашылық құрылыстарында өрт қауіпсіздігі ережелерін білуі және оны өте қатаң сақтау міндетті саналады. Әр саяжай иесі өз аумағын тез тұтанатын қоқыстардан уақытылы тазалап, маңайын таза ұстауы, әрқайсының қол астында өрт сөндіргіш құралдары

Салымшының (алушының), Мемлекеттік корпорацияның, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының, кастодиан-банктің және инвестициялық портфельді басқарушының қарыздары бойынша міндетті зейнетақы жарналарына, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарына, өсімшударға, зейнетақы активтері мен зейнетақы жинақтарына тыйым салуға немесе өндіріп алуға қолдануға болмайды. Бұл ретте жоғарыда аталған субъектілер таратылған немесе банкрот болған жағдайда да бұл әрекетке жол берілмейді.

Жоғарыдағы талаптарға негіз болатын құжат: «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» ҚР Заңы 50-бабының 3-тармағы.

Бұдан басқа Қазақстан Республикасының «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңының 98-бабының 14) тармақшасына сәйкес салымшының (алушының) борыштары бойынша зейнетақы жинақтарынан ақша өндіріп алуға болмайды.

Осылайша, БЖЗҚ-да міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарына тыйым салуға немесе оларға өндіріп алу рәсімін қолдануға болмайды.

Қор төлемдері салымшылар мен алушылардың өтінішінде көрсетілген банк шотына аударылады. Жинақ ақша салымшылар мен алушылардың банк шотына аударылған соң, БЖЗҚ міндеттемесі орындалды деп есептеледі.

Зейнетақы аннуитетін қолдана отырып, зейнеткерлікке ерте шығу үшін не істеу керек?

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» ҚР Заңының 59-бабына сәйкес 55 жасқа толған ерлер, биыл 51 жасқа толған әйелдер (әйелдердің жасы 55-ке толғанша жыл сайын алты айға ұзарып отырады) және өздері үшін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары кемінде күнтізбелік 60 ай (5 жыл) төленген 50 жасқа толған адамдар (ерлер мен әйелдер) Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы жинақтарын өздері таңдаған сақтандыру ұйымына аудару арқылы мерзімін бұрын алуға құқылы. Бірақ бұл үшін Қордағы жинақ ақша ай сайын кемінде ең төмен зейнетақы мөлшерінде (2019 жылы ол – 36 108 теңге) зейнетақы төлеп тұруға жеткілікті болуы тиіс. Бұл ретте міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының 2014 жылы енгізілгенін ескерсек, зиянды өндірістерде жұмыс істейтін әрі 50 жасқа толған азаматтар былдаң яғни 2019 жылдан бастап зейнетақы аннуитеті шартын жасасау арқылы зейнетақы жинақтарын мерзімін бұрын алу құқығына ие болды. Зейнетақы қорынан зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына зейнетақы аннуитеті шарты бойынша аудару Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2014 жылғы 26 ақпандағы №32 қаулысымен бекітілген.

Зейнетақы жинақтарын БЖЗҚ-дан сақтандыру ұйымына аудару Қор кеңсесіне келу немесе сенім білдірілген тұлға (құжаттарды сенім білдірілген тұлға Қорға өзі әкеліп тапсыруы тиіс) арқылы ұсына алады. Бұл ретте өтініш білдіру тәсіліне қарай құжаттар тізімі Қор сайтында мына сілтеме бойынша орналасқан: <https://www.enpf.kz/kz/services/depositors/transfer.php>

Зейнетақы қоры құжаттарды алған күннен бастап 10 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде алушының зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына аударуға міндетті.

Зейнетақы жинақтары сақтандыру ұйымына аударылған соң, 12 (он екі) айдан кейін сол жинақтар кері қайтарылмаса және зейнетақы жарналары түспеген жағдайда салымшының жеке зейнетақы шоты жабылады.

Мен еңбек азаматтық құқықтық сипаттағы шарты негізінде жұмыс істеймін. Міндетті зейнетақы жарналарын өзім төлеуім керек пе?

Азаматтық құқықтық сипаттағы шарттар негізінде жұмыс істейтін азаматтар 2018 жылдың шілде айынан бастап міндетті зейнетақы жарналарын төлеуге міндеттелген болатын.

2018 жылдың 26 желтоқсанында «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» ҚР Заңына (бұдан әрі – Заң) тиісті өзгерістер енгізілді. Оған негіз болатын құжат: «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне халықтың жұмыспен қамтылуы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 26 желтоқсандағы № 203-ҮІ Заңы.

Соған сәйкес егер жеке тұлғалар, олардың ішінде фрилансерлер жұмыс істеу үшін немесе қызмет көрсету үшін салық агенттерімен азаматтық-құқықтық сипатта шарт жасасатын болса, олар үшін Қорға міндетті зейнетақы жарналарын осы салық агенттері төлейді. Ал салық агенттері: заңды тұлғалар, жеке кәсіпкерлер, жеке практикамен айналысатын жеке нотариустар, жеке сот о

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Құрметті досымыз Нұржан Серікұлы!



Қарсақбай — біздің киелі мекен, қасиетті топырағымыз. Сол топырақта сен де шыр етіп дүниеге келдің, ес білдің, есейдің, балғын бапалық шақтың базарын өткіздің. Міне, биыл Қарсақбайдың сол қара домалақ баласы қамал бұзар қырық жасқа толып отыр. Мерейтойың құтты болсын, Нұржан дос, мерейіңді Алпа есірсін!

Қанатты арман сені сансыз бабтың мекені атанған Ақтауға алып барды. Сол жерде колледжде оқып жүріп банк саласында еңбек еттің. Онда небары 16 жаста едің. Алматыдағы халық шаруашылығы институтын тамамдап, Жезқазған университетінен екінші жоғары білім алып шықтың. Білім сені қуатты етті. Сол білім мен біліктілік

өзінді үлкен қызметтерде сынауға мүмкіндік берді. Жалындаған 20 жасыңда жауапты қызметтердің тізігін ұстап, жұрт назарына іліктің. Жезқазған өкімдігінің ұйымдастыру бөлімінде, аппарат жетекшісі қызметтерінде, Ұлытау аудандық өкімдігі жұмыстарында бойыңдағы құдай берген қабылет, дарынды байқаттың. Абыройға бөлендің, Жезқазған қаласы өкімінің орынбасары қызметі — сенің бүгінгі биігің. Өзің жауапты салаға жаныңды салып еңбек етіп жүрсін, алдына барған ешбір тұрғын мәселесі қайтып, көңілі түскен емес. Бәрінің мұң-мұқтажын шешуге, барынша қол ұшын созуға тырысасың. Елдің ақ батасын алып жүрсін.

Нұржан дос, сенің ортаймас байлығың бар, ол — сенің адалдығың, ақ жарқын көңілің, жүрек жылуың, арайлы айналаң, жаныңның нұры. Сенің Нұржан деген есіміңе осы қасиеттерді бәрі сыяды. Мерейтойың құтты болсын, жасыңа жас қосылсын, Алпа адал құлым деп сүйсін. Алдағы жарқын күндерің жаныңды нұрландыра берсін.

Өмір көрдің, Нұржан дос, өмір көрдің, Тапқан жансың қалауын көңілдердің. Қара тұман өрсенді басапқа болды, Қатарынан көрінді сенімді ердің.

Жығылмадың жанда нұр, шырай барда, Сүрінеді тулпарлар, құмайлар да. Ақтығына Алпа жақ, сен адалсын, Адал құлым осылай сынайды Алпа.

Жарқырай бер, жайнай бер, самға Нұржан, Дос пен туыс кетпесін жан-жағыңан. Қырық жаста, мінекі, қамал алдың, Сенің шығар биігің алда, Нұржан.

Ер жігітсің осынау атқа лайық, Бір болайық, бір жүріп бақ табайық, Сен жүр алда топ бастар серкедей бол, Біздің Нұржан осы деп мақтанайық!

Ізгі тілекпен, қарсақбайлық сыныптас достарың.



СЕМИНАР

СУИЦИДТІҢ АЛДЫН АЛУҒА БАҒЫТТАЛДЫ

Жезқазған қалалық полиция басқармасында «Ішкі істер органдары жеке құрамы арасындағы суицидалдық мінез-құлықтың алдын алу және депрессивтік жағдайлар мен шекаралық деңгейін диагностикалаудың қазіргі заманғы тәсілдері» атты облыстық оқу-әдістемелік семинары өтті.



ПБ кадр саясаты бөлімінің инспектор-психологы, полиция майоры Перизат Өтееваның тікелей ұйымдастыруымен өткен семинар полиция қызметкерлері арасында өзіне-өзі қол жұмсаудың алдын алуға мақсат етіп, психолог мамандарға оны болдырмаудың жаңа әдістерін үйретуге бағытталды. Қарағанды облысы ПД мен Жезқазған қаласындағы ведомстволық бөліністердің психологтары жинаған кездесуде бірнеше баяндамашы тыңдалды.

Екі күнге созылған семинардың алғашқы күні Ахмет ишан Оразайұлы атындағы қалалық мешіттің бас имамы Нұрбол Тагаев, қалалық ішкі саясат бөлімі жанындағы конфессия аралық қатынастарды сарптау мен зерттеу орталығының теологы Әділет Сәрсен мен қалалық наркологиялық диспансер психологы Виктория Миронова сөз алып, әрқайсысы өз саласы бойынша суицидтік жағдайларды талдап көрді. Бас имам хадистерді мысалға ала отырып, өз-өзіне қол жұмсау үлкен күнә екенін ұғындырса, психолог Виктория Владимировна суицидтік жағдайға түскен тұлғаны

сырт келбетінен тану, оны сол ойынан түбегейлі айнытудың жолдарын тизбектеді. Жиында сөз алған облыстық «5 арна» телеарнасының тілшісі Айдын Тонтайғаіт галамтордағы суицидтік әрекеттердің соңғы көрсеткіштері мен олардың түртілетін 2018 жылмен салыстыра отырып, көптің талқысына салды.

Семинардың соңында психолог мамандар жеке құрам бойындағы теріс эмоцияларды төмендету, депрессиялық күйді өздігінен басқару амалдарын меңгерту мақсатында тәртіп сақшыларының қатысуымен тренингтер өткізді. Екінші күні берері мол оқу-әдістемелік бағыттағы кездесу «Біз мызғымас топпыз» атты тимбилдингтен жалғасын тапты. Оған қатысқан Ұлытау аудандық полиция бөлімшесінің қызметкерлері ұжымдағы ымыраны, топаралық қарым-қатынасты, қызметкерлердің өзіне деген сенімділігін арттыру мен теріс эмоцияларды өздігінен басқару амалдарын меңгеріп шықты.

Бота ШАЛҚАР
Суреттерді түсірген
Ғалия ӘБДИҒАППАРОВА

ФОРУМ

ПЕДАГОГ ЕҢБЕГІ – НӘТИЖЕ ӨРНЕГІ

Жезқазған Бизнес және көлік колледжінде осындай атаумен «Педагогикалық форум-2019» іс-шарасы ұйымдастырылып, онда 2018-2019 оқу жылының рейтинг қорытындысы бойынша озаттар марапатталды.

Ашық форматта өткізіліп отырған форум мақсаты – колледждің 2015-2019 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспарының педагогикалық менеджмент жүйесін дамыту мақсатындағы практикалық кезеңінің қорытынды нәтижелерін сарптау. Жезқазған Бизнес және көлік колледжі үшін биылғы оқу жылы да маңызды жаңалықтарға толы болды. Соның бірі колледж бірнеше мамандықтар бойынша мамандандырылған аккредиттеуден сәтті өтті.

Айтулы форумның қадірлі қонақтары ұстаздар, студенттер, ата-аналар, білім саласының басшылары, «Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Гүлмира Қаженова, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері, ортақ мүддеде тығыз іскерлік байланыс жасайтын әлеуметтік серіктестер болды. Сондай-ақ, шараға КСРО және ҚР Білім беру ісінің үздігі, ҚР Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері Шабал Бейсенбекова және ұлт мектебінің жанашыры, ұлағатты ұстаз, бірнеше жыл №7 мектеп-лицей директоры қызметін абыроймен атқарған, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, ҚР Білім беру ісінің үздігі, Жезқазған қаласының Құрметті азаматы Нұрия Жұмажанова қатысты.

Алғашқы құттықтау лебізін болашақ жас мамандарды кәсіптендіру жобасында колледжбен бірге бірнеше іргелі істерді атқарысып жүрген әлеуметтік серіктестерді марапаттау рәсімін Қарағанды облыстық мәсли-

хат депутаты, «Nur Otan» партиясы саяси кеңесінің мүшесі, білім меценаты, Жезқазған бизнес және көлік колледжінің құрылтайшысы Бекзат Алтынбеков арнап, бірқатар серіктестерді арнайы сертификаттармен марапаттап, сый-сыяпат жасады. Биылғы арнайы Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері, ұлағатты ұстаз «Шабал Бейсенбеқызы Бейсенбекова атындағы» атаулы сыйақының кәсіптік білім беруді жаңғыртуда қосқан жоғары шығармашылық жеке үлесі үшін Лаура Оспанова еңшеледі. Ал Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі, ұлағатты ұстаз «Нұрия Әлмұханқызы Жұмажанова атындағы» атаулы сыйақы кәсіптік білім беруді жаңғыртуда қосқан жоғары шығармашылық жеке үлесі үшін Гүлдана Алтынбекова иеленді.

Форум барысында «Құзыретті педагог» номинациясын арнайы пән оқытушысы Анар Берлібекова, «Шығармашыл педагог-2019» номинациясымен білікті ұстаз, арнайы пәндер оқытушысы Гүлнар Мусина, «Зерттеуші педагог» номинациясы біліктілігімен танылған іскер оқытушы Гүлнұр Сазанбаева, «Ғылымдағы жетістігі үшін-2019» номинациясымен Назгүл Жарасбаева, «Жаңашыл-педагог-2019» номинациясымен ізденімпаз оқытушы, технологиялық-инновациялық әдістерді шебер меңгерген жас маман Айдана Сарина, жылдық рейтинг қорытындысы бойынша жоғары ұпай жинаған ерекше еңбек иесі «Үздік менеджер - 2019» номинациясының



иегері директордың оқу-әдістемелік жөніндегі орынбасары Гүлнұр Түсіпбекова, «Менеджмент жүйелерін сертифицирлеу республикалық орталығының» жетекші аудитору Галина Конгуратова, «Стратегия менеджмент-2019» номинациясымен оқу-тәрбие менеджментінің шебері Жанат Ғабитханқызы марапатталды. «Үздік кафедра-2019» номинациясымен орыс тілі мен әдебиеті пәнінің жоғары санатты оқытушысы, шебер ұйымдастырушы, кафедра меңгерушісі Гүлнар Амзина басқаратын «Білім кафедрасы» марапатталса, «Үздік сабақ иесі» номинациясымен Гүлмира Қарымсақова, «Үздік куратор - 2019» номинациясымен Әлия Сүлейменова, «Үздік топ - 2019» номинациясымен ОПУ-201, «Үздік оқытушы - 2019» номинациясымен химия, биология пәндерінің жоғары санатты оқытушысы Нұргүл Омарова, «Ғылымдағы жетістігі үшін» номинациясымен «ОПУ-401» студенті Ернұр Есенбеков, «Үздік студент-2019» номинациясына «Тур-101»

тобының студенті Төлеубек Аружан лайықты деп танылды. Жезқазған қалалық мәслихат депутаты, колледж директоры Светлана Жүмкин қүттықтау сөзін арнап, колледждің жыл бойғы атқарған толайым жұмыстарына қолтапып, білім-ғылымның жарқын жолында жетістіктер биігі бағындырған талапты да дарынды, білімді бір топ студенттерді «Алтын студент - 2019» номинациясымен марапаттады. Келген қонақтарға баршасына ұжымы атынан алғысын айтып, естелік сыйлықтар мен сертификаттар тапсырды.

Аталған білім ордасының келесі іс-шарасы қаламыздағы Халықтар достығымен мәдениеті үйінде «Кемелденген біліммен – келешек сеніммен» аты түлектер кеші өтті. Жезқазған бизнес және көлік колледжін биыл күндізгі оқу бөлімін 226 студент аяқтаса, оның 34 студент айрықша үздік дипломмен үлкен өмірге жолдама алды. Жас түлектерге тек сәттілік тілейміз!

Ізтөлеу ТҮСІПОВ

«ОТБАСЫНДА ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ»

атты республикалық акция өтті

24-27 маусым аралығында республика көлемінде бастау алған «Отбасында зорлық-зомбылыққа жол жоқ» акциясына Жезқазған қалалық полиция басқармасы да үн қосып, бірқатар шаралар ұйымдастырды.

Акцияны өткізу мақсатында құрылған мобильді топ өкілдері Абай көшесіндегі 97-үйдің алаңында түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, сауалнама алды. Тұрғындарды өңімге тартып, олардың құқықтары мен бостандықтарын түсіндіруге Жезқазған қаласы өкімі аппаратының мемлекеттік құқықтық жұмыс бөлімінің бас маманы – кемелетке толмағандар ісі және олардың құқықтарын қорғау комиссиясының жауапты хатшысы Әлия Жылқыбаева, сондай-ақ, Жезқазған қаласының ПБ ювеналды полиция тобының қызметкерлері түгел жұмылдырылды.

Өкінішке қарай тұрмыстық зорлық-зомбылық азаймай тұр. Жыл басынан бізге 155 шағым түсті. Оның бірінде ерлері әйелдеріне қысым көрсетіп, балағаттаған. Сонымен қатар, қол тигізген жағдайлар да аз емес. Арыздардың негізінде 52 азаматқа қатысты өкімшілік хат-тама толтырылып, іс сотқа жөнелтілген. 85 өрге арнайы қорғаушы нұсқамасы берілді, – деген полиция басқармасының әйелдерді зор-

лық-зомбылықтан қорғау тобының инспекторы Балдырған Мамыраева көп жағдайда әйелдер қоқан-лоқы көрсеткен әйелдерін кешіріп, татулағып жататынын айтты. Дегенмен, отбасындағы жанжалдар толастамай, екінші мәрте арыз түсіретін жәбірленушілер де бар екен. Осы ретте құқық қорғау органдары қызметкерлері отбасындағы зорлық-зомбылыққа төзбей, өз құқығын қорғай білуге шақырады. Кімнің болсын құқығы заңмен қорғалады. Мысалы, әйелге қол жұмсаған ерді өкімшілік жазаға тартумен қатар, 15 күндік абақтыға жабу жазасы да қарастырылған. Отбасының берекесін қашыраған азамат полицияның арнайы есебінде де алынады. Бұл қандай қылмыстың болмасын өз жазасы барын тағы бір мәрте дәлелдесе керек.

«Тәрбие тал бесіктен басталады» десек, отбасындағы ымырасыздық ұрпақ тәрбиесін кері есерін тигізетін анық. Бұны психолог мамандар да әбден зерттеп, зорлық-зомбылықтың бала өміріне ежелер қаупін айтып, дабыл қағуда. Бала үшін ата-ана-



сының үйі ерқашан ең қауіпсіз жер болса бермейтінін айғақтайтын фактілер қоғамда жиі кездеседі. Дегенмен, балаларға, әсіресе кішікентай балаларға зорлық-зомбылықтың үй, отбасы ішінде көрсетілуі көзге түсе қоймағандықтан, көп жағдайда мойындалмай да жатады. Сондықтан, республикалық акция барысында мамандар дерекілік таңытып, балаға күш көрсету отбасында зорлық-зомбылықтың дамуын тудыратынын

алға тартып, жасөспірімдер өз қарсылығын білдіру мақсатында көп жағдайда үйден қашып немесе өз-өзіне қол жұмсауға баратынын айтып, ата-аналарды бала жанын түсінуге асығуға шақырды. Бала тағдырын бұзу өте оңай шаруа екенін тілге тиек еткен полиция қызметкерлері зорлық-зомбылық фактілері бала психикасын зақымдап, тұлға болып қалыптасуына кедергілер келтіреді.

Бота ШАЛҚАР

САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ

НАШАҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ АКЦИЯ



XXI ғасыр үшін ең үлкен дертке айналды, жастар мүддесі мен ұлт болашағына басты қатер төндірген күрмеуі қиын күрделі мәселелердің бірі – нашақорлық. Бастапқыда жай еліктеушілік және білместікпен өсерінен осы бір көк шөптің құрбаны болған көк өрім жастар, уақыт өте есірткіге біржола тәуелді болып қалады. Жастардың ерте мезеттен есірткіге тәуелділігін мамандар ата-ана тарапынан кеңіл бөлушіліктің аздығы, отбасы мүшелерінің де есірткіге тәуелділігі және мектеп тарапынан қажетті мәліметтердің, сақтанушы іс-шараларының жеткіліксіздігі сынды себептермен түсіндіреді. Осы мақсатта жарқын болашақтың басты тұтқасы болар жастарды теріс жолға түседен сақтап, тұра бағыт сілтеп жүрген Жезқазған қалалық жастар ресурстық орталығы мен «Сопрану Ойған» ЖШС-нің бірлескен жұмыстары көз қуантады.

«Жастар – нашақорлыққа қарсы». Жезқазған қалалық жастар ресурстық орталығы мен «Сопрану Ойған» ЖШС ұйымдастырған флешмоб акциясы

осылай аталды. Бұл акцияның негізгі мақсаты – жастарды нашақорлықтан сақтау, оларды тұлға қалыптасуға тәрбиелеу, ата-аналарды бала тәрбиесін үлкен жауапкершілікпен қарауға үйрету. Шара барысында «Асыл-ай», «Жез жастары», «Аланым» би топтары қала халқына өз өнерлерін көрсетіп, жас ұрпақты саналылыққа, есірткіден аулақ болып, салауатты өмір салтын ұстануға шақырды. Күрделі қозғалыстарға толы жастардың биі қала халқына жақсы көңіл күй сыйлай білді. Сонымен қатар, шараға қатысқан Қарағанды облыстық «ЖИТС-тің алдын алу және онымен күрес» орталығының, Қарағанды облыстық наркология диспансерінің, «Жүрек» отбасылық-дәрігерлік амбулаториясының, Жезқазған қалалық ішкі істер басқармасының мамандары келіп қатысты. Сондай-ақ, шараның басты ерекшелігі – қала халқына «Денсаулық» бұрышы қызмет көрсетті.

Нашақорлық – басты қоғам дерті. Аймағымыздағы есірткіге тәуелді халық санының басым бөлігін жастар құрайды. Біз бұл флешмоб акциясына Жезқазған қалалық жастар ресурстық орталығының шақыртуымен қатысып отырмыз. Біздің мекеме тарапынан да жастармен түрлі жұмыстар жүргізіледі. Біздің орталық есірткі қармағына іліккен барлық жандармен жұмыс жасайды. Біз оларды тіркеп, негізгі емдеу-сауықтыру жұмыстарын жүргіземіз. Оларға арнайы курстық ем-дом ұйымдастырып, екпе инеелерін жаңартып және сарптама қорытындысын шығарып отырамыз, – дейді Жезқазған қалалық ЖИТС-пен күрес орталығының маманы Гүлжанат Турдина. «Жастар – нашақорлыққа қарсы» флешмоб акциясы негізінде ұйымдастырылған «Денсаулық» бұрышында қан алып, сол мезетте қорытындысын шығарып беріп тұрған ЖИТС-пен күрес орталығының маманы Светлана Соболевскаяның алдына 25 тұрғын келіп қан сарптағанынан өтті.

Жастарды нашақорлықтан алыс болуға шақыратын бұндай акция Жезқазған қалалық жастар ресурстық орталығы мен «Сопрану Ойған» ЖШС-мен жыл сайын ұйымдастырылады. Жастарды салауатты өмір салтына шақыратын бүгінгі «Жастар – нашақорлыққа қарсы» флешмоб акциясы жоғары деңгейде өтті. Балалар мен жасөспірімдер, ата-аналар мен барша қала тұрғындары бүгінгі шараға белсене қатысты. Алдағы уақытта да жастар күніне орай Жезқазған қалалық жастар ресурстық орталығымен бірлесіп тағы да түрлі іс-шаралар ұйымдастырамыз, – деді «Сопрану Ойған» ЖШС-нің басшысы Ыдырыс Қожайдаров. Шара соңында акцияға белсене қатысқан жастар арнайы марапатталды.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

Үйден шықпай ақ- ОҢАЙ әрі ЖЫЛДАМ қызмет ал!

egov

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІ
www.egov.kz
ПОРТАЛЫ АРҚЫЛЫ
ЭЛЕКТРОНДЫ ТҮРДЕ
АЛЫҢЫЗ!

МЕКЕН-ЖАЙ АНЫҚТАМАСЫН АЛУ
БАЛАБАҚШАҒА КЕЗЕККЕ ҚОЮ
ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК ТУРАЛЫ АНЫҚТАМАНЫ АЛУ
НЕКЕ ҚИЮДЫ ТІРКЕУ
ЖҰМЫССЫЗ РЕТІНДЕГІ АНЫҚТАМАНЫ АЛУ т.б.